

АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІН БАҚЫЛАУҒА АЛДЫ



Ақтөбе облысы Ырғыз ауданындағы Жаныс би және Шеңбертал ауылдарының тұрғындары ауызсуға зар болып отыр. Жергілікті халық ішер суын қоғамдық құдықтан тасып ішуге мәжбүр. Осыған орай «АМАНАТ» Орталық аппараты Партиялық бақылау департаментінің инспекторы Айжан Ысқақова ауылдарға арнайы барып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады.

3»

КЕДЕН ҚАЛАЙ ТАЗАРЫП ЖАТЫР?



Коррупциямен күрес нағыз ғажайып жасап, елді игілікке кенелте алады. Былтырғы қанды қаңтар оқиғаларынан кейін еліміздегі ең көп жемқорлық жайлаған саланың бірі саналатын кеденде коррупция көріністерімен шынайы күрес басталған болатын. Бұл ел қазынасына құйылатын қаражаттың күрт артуына ықпал етіпті. Жалпы, енді Үкімет өкілдері де кедендегі сыбайлас жемқорлыққа бұрынғы ел басшылығына жақын адамдар қолдау көрсеткенін жоққа шығармайды.

5»



ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ – ДАМУДЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Кейінгі жылдары еліміз индустрияландыруға көңіл бөлуді қойып кеткендей көрінеді. Бұрынғыдай үлкен сән-салтанатпен «Индустрияландыру күні» мен телекөпірлер өткізілмейді, Мемлекет басшысының өзі бейнеконференция байланысы арқылы жаңа тұрпатты жобалар мен зор ауқымды зауыттарды іске қоспайды. Бірақ шынында елде индустриялық даму үрдісі жақсы қарқынмен жалғасып жатыр. Кәсіпорындар бұрынғыдай ашыла сала дағдармайды, оның өндірісі мен өнімін өткізуі барынша мұқият ойластырылады. Ал ел Президенті бұл іске баса мән-маңыз беріп отыр.

Белгілі экономист ғалым, экономика ғылымдарының докторы Рашид Кареновтің айтуынша, тиімді түзілген индустрияландыру жаңа экономиканың бейнесін сомдайды. Индустрияландыру отандық бизнесмендер мен шетелдік инвесторларға мемлекеттік қолдау құралдарын пайдаланып, Қазақстанда ірі жобаларын жүзеге асы-

руына жол ашады. Сондықтан бұл тетіктен елдің ешбір билігі бас тартпас еді.

2019 жылы ел тізгінін қолына алған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның индустриялық, инновациялық әлеуетін арттыруға және оны толыққанды жүзеге асыруға ден қойды. Ел Президентінің ұлттық экономиканы монополия мен олигополиядан арылтуға, яғни әрбір секторды еркін билеп, төстеген олигархтарды заң мен тәртіпке келтіруге бағытталған бастамалары да индустрияландыруға серпін беруді қарастырады. Осының арқасында бизнес алдынан бұрын жабық болып келген жаңа есіктер ашылады. Мемлекеттік қолдау мен қаражаттарды билікке жақын тұлғалар басыбайлы иемденіп, өзге бизнесмендерге «жауған шұғалдан ұлтарак та тимейтін» кер заман келмеске кетуі тиіс.

Жақында өткен әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Қ.Тоқаев бізге көзбояу емес, «нағыз, шынайы индустрияландыру қажет» деп қадап айтты.

4»

АСАУ ЖҮРЕКТІ АҚЫННЫҢ АТАТЕГІ ЖАЙЫНАН



Газет ақтарып оқып отырмын. Ұзақ жыл қазақ баспасөзінде қызмет еткен азаматтың мамандық дерті. Міне, AIQYN газеті. «Сұлтанмахмұттың алғашқы биографы» (№44, 20 сәуір 2023 ж.) аталатын мақалаға көзім түседі. Мақала авторы Мөлдір Төлепбай. Ұлттық академиялық кітапхана қызметкері. Тәп-тәуір мақала. Асылында, былтырлы-биыл «Алаш ұранын» жазған Сұлтанмахмұттай ұлы ақынның туғанына 125 жыл толып отыр.

7»

КІТАПТАРДАН ӘКЕМДІ ІЗДЕДІМ...



Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада француз фотографы Жан-Марк Годестің «Жанды кітаптар» атты фотосуреттер көрмесі өтіп жатыр. Өз шығармашылығы арқылы өмір мен кітап арасындағы қияли қарым-қатынастың поэтикалық көрінісін жеткізгісі келетін фотограф бұл іспен 12 жылдан бері айналысып келеді. Өзін фотографтан гөрі әңгімеші ретінде таныстырғысы келетін оның әрбір жұмысы расында әлдебір таңғажайып хикаяны баяндап тұрғандай...

8»

5 ЖҮЛДЕДЕН ҮМІТТІМІЗ



Ташкентте өтіп жатқан бокстан әлем чемпионатының жартылай финалында қазақстандық бес боксшы сынға түседі. Олардың алғашқылары сәтті өнер көрсетіп, финалға жолдама алды. Атап айтсақ, кеше Санжар Тәшкенбай финалға шықты. Қазақстандық боксшы 48 келіге дейінгі салмақта Ресейдің төрт мәрте чемпионы Эдмонд Худоянмен қолғап түйістірді. Тартысты өткен бәсекеде Санжар басым болды. Есеп 5:0, Санжар Тәшкенбайдың пайдасында.

16»



Айша биді:

АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Қасиетті Әулиеата өлкесі – аңыз-әпсаналарға бай мекен. Әсіресе, Қарахан дәуірінен тамыр тартатын тарихи деректер мен аңыздар аз емес. Соның бірі – Қарахан мен Айша бибінің шексіз махаббаты болса керек. Алайда бүгінде қос ғашықтың тағдыры мен тарихи болмысына қатысты байламнан гөрі болжам көп.

11»

ЖАҢАНДЫ ЖАУЛАҒАН ЖЕЛІЛЕР

Бүгінде әлемдегі 8 млрд адамның 4,9 миллиарды, яғни 61 пайызы әлеуметтік желіні қолданатынын білесіз бе? Желілердің ішіндегі ең танымалы Facebook болып тұр, оның қолданушыларының саны – 2,95 млрд адам. Одан кейінгі орындарда – Youtube пен Whatsapp, бұлардың әрқайсысын 2 млрд-тан астам адам қолданады.

12»





АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Халықаралық келісімді ратификациялау туралы заңды қарады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында Сенат депутаттары «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Құжатта көрсетілген нормалар тиісті түйткілдерді, оның ішінде интернет-ресурстардағы мәселелерді де реттеуге арналған.

Заңды қабылдаудың негізгі мақсаттарының бірі — авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ, осы бағыттағы тәжірибемен және ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен алмасу. Сонымен қатар бұл заң ТМД елдері арасындағы сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды кеңейтуге оң ықпалын тигізеді деп күтіліп отыр.

Палата отырысында сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады.

Бибігүл Жексенбай елордала және тұтас елімізде су тапшылығының артуына алаңдаушылық білдірді. Сенатор мәселені шешуге арналған бірқатар ұсыныс айтты.

Әлібек Нәутиев ауыл шаруашылығы саласындағы қайта өңдеуді дамыту мәселелеріне тоқталды. Ол өз сөзінде ауылшаруашылық тауарын өндірушілердің бірқатары шикізат экспортына ғана басымдық беретінін айтты. Соған байланысты аталған мәселені шешу жолдарын ұсынды.

Закиржан Кузиев магистральдық желілердің ескіріуі салдарынан суармалы судың 60 пайызы далаға ағатынын мәлімдеді. Сенатордың пікірінше, бұл мәселені су үнемдеу технологияларын енгізу және шаруалардың су тұтынуын тиімді реттеу арқылы шешуге болады.

Жанболат Жөргенбаев «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыруға кейбір компаниялардың қатысуына рұқсат беру кезіндегі проблемаларды тілге тиек етті.

Қайрат Тастекеев Абай облысындағы суармалы жерлердегі су тапшылығына қатысты проблемаларды көтерді. Сенатор «Қарғыба» су алабы мен «Жаңа тоған» магистральдық каналында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтаудың маңызды екенін айтты, Үкіметті осы мәселені қамтамасыз етуге шақырды.

ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ



Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Мәжіліс Бюросында 15 мамырдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттарға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылды.

Заң жобасына Парламент депутаттары бастамашы болды. Оның негізінде 2 кодекстен 11 заңға өзгеріс енгізу көзделуде. Атап айтқанда, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызмет тәртібін жетілдіруге бағытталған нормалар қарастырылған. Сондай-ақ әскери-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарын жекешелендірілгеннен кейін де мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ететін түзетулер бар.

ҚОҒАМДЫҚ ПАЛАТА ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Төраға Ерлан Қошановтың қатысуымен Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның алғашқы отырысы өтті. Қатысушылар ұйымдастыру мәселелері мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң жобасын талқылады.



Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата алғаш рет жұмысын 2022 жылдың желтоқсанында бастады. Жаңа шақырылымда Палата құрамы жанарды. Оған партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, қоғам қайраткерлері, беделді сарапшылар кірді.

«Палатаның жаңа мүшелері белсенді азаматтық ұстанымымен танымал. Көпшілігіңіз Мәжілістің заң шығару жұмысында өздеріңізді көрсетіп үлгердіңіздер. Сондықтан біз сіздерді Палатаның жұмысына қатысуға шақырдық және бірге жұмыс істеуге келіскендеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз», — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс төрағасы бүгінде Қазақстанда барлық мәселе бойынша пікірді бар ашық қоғам қалыптасқанын, кейде айтылған ұстанымдар қарама-қайшы болып жататынын атап өтті.

Палата қоғамда көтеріліп жатқан ең өзекті мәселелерді қарастырып, заң шығару деңгейіне жеткізеді. Сондай-ақ Қоғамдық палата мүшелері резонанс тудырған заң жобаларын Мәжіліс қабылдағанға дейін талқылайды.

«Сындарлы ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңыз жұмыс тобына жолданып, заң жобасының салыстырмалы кестесінде ескерілетін болады. Бұл Қоғамдық палатаның ережесінде бекітілген. Осылайша, сіздердің жұмыстарыңыз арқылы азаматтардың Мәжілістегі шешім қабылдау үдерісіне қатысуы кеңейеді», — деді Мәжіліс төрағасы.

Алғашқы отырыста сарапшылар Мәжілісте пысықталып жатқан жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң жобасын талқылады.

Мәжіліс Төрағасы Қоғамдық палата мүшелеріне куәліктер тапсырып, қоғам игілігі жолындағы жауапты жұмысқа табыс тіледі.

ЕРІНБЕГЕННІҢ ЕКІ ҚОЛЫНА БІР КҮРЕК



Елордада Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының ұйымдастыруымен шағын бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Кезекті рет өтіп отырған жәрмеңке жұмыссыз тұрғындарға, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ алимент бойынша қарызы бар адамдарға арналды.

Біздің қоғамда сотталған адамдардың сінсіп кетуі қиын. Сондықтан да болар, олар да көбінесе өздерін қоғамнан оқшау ұстайды. Өкінішке қарай, қоғамның осы бір теріс көзқарасынан кейін екі қолға бір күрек таппай қайта қылмыс жасайтындар бар. Сотталып шыққан адамдарды жұмыспен қамту жүйелі жүзеге асса, елдегі түрме халқының санын азайтуға да септігін тигізеді. Сондықтан соңғы жылдары қалалық әкімдік пен жергілікті құқық қорғау органдары сотталып шыққан және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмыспен қамтуға жіті көңіл бөліп келеді. Халықты жұмыспен қамту орталығы Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бөлімінің басшысы Бақыт Рақишеваның сөзінше, бұл жолғы жәрмеңкеге 8 мекеме қатысып, 127 бос жұмыс орындары ұсынылып отыр. Оның ішінде «СМЭУ Астана», «Компания по управлению гостиничным бизнесом «Солак», «Малалиев Ф.И.», «Издательство Фолиант Астана», «Вита Сервис», «Базис Астана» ЖШС, «Қазпошта» АҚ-ның «Астана почтаматы» Астана филиалы, «Мебельщик» ЖК бар. Жұмыс берушілер ұсынып отырған бос жұмыс орындары автокөлік жолдарын салу, құрылыс, ақпарат және байланыс, сауда, ет және құс еті өнімдерін өндіру секілді маман тапшы салаларды қамтиды. Ал жәрмеңкеге 24 алимент бойынша қарызы барлар, 21 бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар қатысты.

Жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасында байланыс орнатып, мамандық дайындау мәселелерін еңбек нарығындағы жұмыс күшінің қажеттілігіне сәйкес ұйымдастыруды мақсат еткен параға келген «СМЭУ» Астана» ЖШС-ы маманы Ирина Алексеевна: «Біздің мамандандырылған монтаждау-пайдалану мекемесіне маман тапшы. Қазір бізге жүргізушілер мен электрліктер аса қажет. Сондай-ақ машинамен жұмыс істей алатын инженерлерге де жұмыс көп», — дейді. Оның айтуынша, жұмысшылардың жалақысы тұрақты әрі әлеуметтік пакет те қарастырылған. Бүгін де мекеме ұсынып отырған жалақы мөлшері жұмыс іздеушілердің көңілінен шығып отыр. Мәселен, көлік жүргізу-

шілерінің ай сайынғы жалақысы 320 мыңға дейін. Сондай-ақ ол «Колледжде оқып жатқан студенттердің тағлымдамадан өтіп, ары қарай жетекші инженер, автоматты түрде жол көзгішасын басқару жүйесінде жұмыс істеуге мүмкіндігі бар» деп отыр.

«Қазпошта» АҚ-ның «Астана почтаматы» Астана филиалының маманы Салтанат Назарованың сөзінше, пошта қызметіне көлік жүргізушілері мен байланыс операторлары секілді көптеген бос орындары бар. Мәселен, поштадағы байланыс операторы банк менеджері сияқты жұмыс істейді. Айырмашылығы пошта және қаржы бағыттары бойынша қызмет көрсетеді. Ең бастысы, адамдармен жұмыс істейтін болғандықтан, күнделікті жұмысында қарым-қатынас жасауды жақсы білсе болғаны. Есесіне тұрақты жалақы, әлеуметтік пакет толығымен қарастырылады. Байланыс операторының жалақысы 172 мың, курьер жүргізушісінің жалақысы 145 мың, шұғыл пошта қызметін атқаратын курьер жүргізушісінің жалақысы 215 мыңды құрайды.

Сондай-ақ жәрмеңкеде Астана қаласы бойынша КАЖД Сарыарқа аудандық пробация қызметінің аға инспекторы әділет капитаны Айжан Шагирова бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға жұмыс табуға жәрдемдесіп жүр. Оның айтуынша, осындай жәрмеңке арқылы жұмысқа орналасқандар бар. «Орталықтың ақпаратын алған бойда біз де жәрмеңкеге келіп, сотталған адамдардың жұмыс табуына қол ұшын береміз. Бүгін де есепте тұрған 10 адамды алып келдік. Олардың төртеуі жұмысқа орналасуға жолдама алды. Олардың арасында өздері жұмысқа сұранып, жәрмеңкеге келуге ниетті екендерін айтқандар бар. Жұмыс берушілердің ұсынған жалақылары да көбісінің көңілінен шығып отыр», — дейді Айжан Шагирова.

Қазір жұмыс істегісі келген адамға бос жұмыс орындары көп. Бір ғана қалр іздеп жүрген «Катрин» жиһаз фабрикасының өзіне үй мен кенсеге арналған жиһаз жасау материалдарды сату, перде тігу, кабырға панельдерін жасау, тас төсеу және жүк тасымалы қызметтерін атқаратын жұмысшы керек.

Ж.МУСІЛІМ

ШАРУАНЫҢ ЖАЙЫ АЛАНДАТАДЫ

Парламент Мәжілісінің Аграрлық мәселелер жөніндегі комитетінің төрағасы Серік Егізбаев бастаған делегация Түркістан облысына жұмыс сапарымен келді. Делегация құрамында Мәжіліс депутаттары Еркебұлан Мәмбетов, Жигули Дайрабаев, Айдарбек Қожаназаров, Ислам Сұңқар, Ғалымжан Елеуов, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы вице-министрі Әбілхайыр Тамабек және бір топ министрлік өкілдері бар.



Сапар аясында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлы депутаттарды Ордабасы, Сайрам, Сауран аудандарындағы жылжымайтын мен мал бордақылау алаңдарының жұмысымен, сондай-ақ көктемгі дала жұмыстары, жанбырлатып суару жүйесімен таныстырды.

Одан соң, мәжілісмендер облыс орталығы Түркістан қаласында көкөніс шаруашылығы саласы мен суармалы егіншіліктің өзекті мәселелері бойынша көшпелі отырыс өткізді.

«Кеше біз облыс аумағындағы бірнеше шаруа қожалығында болып, олардың жұмысымен таныстық. Салала бірқатар мәселе бар екенін бағамдадық. Жиында заң шығарушы, атқарушы билік өкілдері, сала мамандары мен шаруалар бірлесіп отырып, осы өзекті мәселелерді шешу жолдары мен әдістерін талқылаймыз», — деп атап өтті Серік Рахметоллаұлы.

Ал облыс әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлы Түркістан облысы ауыл шаруашылығын жүргізу үшін ең қолайлы өңірлердің бірі болып табылатынын атап өтті. Мемлекет тарапынан «Ауыл аманаты» жобасы аясында бірлесіп отырып, осы бөлініп, ауыл шаруашылығы жобаларын жылдық 2,5 пайыз мөлшерлемемесі несиелендіру жұмыстары басталды», — деді Ермек Кенжеханұлы.

Басқосуда Мәжіліс депутаты Айдарбек Қожаназаров бірқатар мәселені көтерді. Қымбатшы-

лыққа байланысты Үкіметтің таңдап алған саясатына көңілі толмайтынын, өнімнің халыққа арзан болсын деп фермерлерді әртүрлі шектеумен қысатынын, салдарын дикандар тартып отырып ашына жеткізді. Көшпелі жиында бұдан өзге де дикандарға жағдай жасау, олардың мұң-мұқтажын тыңдау жайттары қозғалды. Депутаттар орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, салалық бірлестіктердің өкілдерімен елімізде көкөніс шаруашылығының қазіргі жағдайы мен даму болашағын, суармалы егіншілік мәселелерін талқылады.

Көкөніс қоймаларының жоқтығы мен жеткіліксіздігі, өндірісті дамыту мен кеңейтуге субсидия алу мәселелері, саланы жеткіліксіз қаржыландыру, қайта өңдеу үлесінің төмендігі, өнімнің өзіндік құнының жоғарылығы және жеміс-көкөніс өнімдерінің бағасы мен сапасы бойынша бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі сияқты мәселелер сөз болды. Сондай-ақ маусымаралық кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауы инфляцияға кері әсер етіп, көкөністер мен жемістердің жекелеген санаттары бойынша импорт үлесінің артуына әкеліп соғатынын айтты.

Жиын қорытындысымен қатысушылардың барлық сындарлы ұсыныстары мен тілектері алдағы үкімет сағатының ұсынымдарының жобасына енгізілетін болды.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІН БАҚЫЛАУҒА АЛДЫ



Ақтөбе облысы Ырғыз ауданындағы Жанисби және Шеңбертал ауылдарының тұрғындары ауызсуға зар болып отыр. Жергілікті халық ішер суын қоғамдық құдықтан тасып ішуге мәжбүр. Осыған орай «AMANAT» Орталық аппараты Партиялық бақылау департаментінің инспекторы Айжан Ысқақова ауылдарға арнайы барып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады.

Аталған ауылдарға су құбырын тарту жұмысы 2020 жылы басталған екен. Ұзындығы 41 шақырымнан асатын су құбырының құрылысына 700 млн теңгенің үстінде қаржы бөлінген. Тапсырыс беруші – Экология министрлігі Су ресурстары комитетінің «Казсушар» РМК. Құрылыс жұмыстарын «Көлсай Строй» ЖШС мердігері ретінде өз мойнына алған. Құбырмен бір жылдан кейін су беріле бастаған. Алайда көптің қуанышы ұзаққа созылмапты. Судан тапшылық көріп, әбігерге түскен ауыл тұрғындарының жанықайын Жолан Әбенев жеткізді.

«2021 жылы су беріліп еді. Бірақ қыста біртіндеп қатып қалды. Күн жылыған соң тоң еріп, су қайта ағатын болар деп үміттендік. Алайда сәуір айынан бері су сап тыйылды. Ақшасы төлен-

бегендіктен қиып тастаған деп естідік. Жағдайымыз қиын. Қазір бір-бір құдық қазып алып, суын сүзіп ішіп отырмыз. Судың қоры азайып келе ме, қазған жерден су да шықпайды», – дейді ол.

Ақсақалдың сөзін аудан әкімі Нұрлан Қызбергенов растап отыр. Оның айтуынша, сәуір айынан бастап халыққа су берілмей жатыр. Оның бірінші себебі – 600 мың теңге берешек төленбеген, сондықтан да электр энергиясы қиылған. Оның үстіне, тапсырыс беруші құрылысты әлі қабылдамаған болып шықты.

«Бұған дейін де мұндай мәселелер кезікті. Бірақ біз мұны 1-3 күннің көлемінде шешіп, берешек қаржыны мердігерге төлеттік. Су құбыры жарылып, 4-5 күн су берілмей қалған кездер де болды. Бірақ ауыл халқы сусыз отырмасын деп, «Су шаруашылығы» КМК мамандарын жіберіп, жарылған жерлерді өз күшімізбен жамадық. Бұл жерде тапсырыс беруші мен мердігер бірігіп жұмыс істеуі керек», – дейді аудан әкімі.

Нұрлан Қызбергенов су құбырларын салу құрылыс нормаларына сәйкес жүргізілмегенін атап өтті. Құрылыс жұмысын толық аяқтау, кемшіліктерді қалыптастыру туралы мердігерге ұсыныс хаттар да жазылған. Алайда көпшіліктің сұрағы жауапсыз қалып отыр.

Шеңбертал ауылының тұрғындары болса, құрылыстың сапасыз жүргізілгеніне наразы. Ауыл тұрғыны Аманбек Ысқақов құрылыс жұмысының әуел бастан-ақ дұрыс жүргізілмегенін айтады.

«Көлсай Строй» ЖШС-дан жастар келіп, жұмысты қалай болса солай жасап кетті. Одан бөлек электр желісі де қиылды. Ақыр соңында халық қиналып отыр. Су бар болғаны үш ай ғана ақты. Талабымыз – су қосылсын», – дейді ол.

Ауылдың тағы бір тұрғыны Сыдық Молдабеков жалғыз құдықтан су ішкен халықтың денсаулығына, тазалық жағдайына алданулы.

«Тұрғындардың әрқайсысы үйінен бір-бір шелек алып барады. Бір құдыққа жүз шелек түскенде қандай тазалық болады? Сол суды біз ішіп отырмыз. Құбырмен келген су қыста қатып қалды, артынан моторы істен шықты. Құрылыс жұмыстары дұрыс жүргізілсе бұлай болмас еді. Осы мәселені шешіп берулеріңізді сұраймыз. Біздің жағдайымызға бейжай қарамай, «AMANAT» партиясынан арнайы келгендеріңізге ризашылығымызды білдіреміз», – дейді ол.

Партиялық бақылау департаментінің инспекторы Айжан Исқақова әрбір тұрғынның пікірін, өтініш-тілегін мұқият тыңдады. Бұл мәселе партиялық бақылауға алынатынын айтты.

«Жиналған акт, бізге берілген құжаттың барлығын қарадық. Алдағы уақытта комитеттің отырысына жауапты ведомство өкілдері, комитет төрағалары шақырылады. Партия бұл мәселені соңына дейін бақылауға алады. Өйткені Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз ету – Президенттің берген тапсырмасы. Сондай-ақ бұл мәселені шешу партиямыздың бағдарламасында да көзделген. Оны орындау, қадағалау – міндетіміз», – деді Айжан Ысқақова.

Ерке ЕРҚОҢЫР

ПАРТИЯЛЫҚ БЕКЕТТЕР – ПӘРМЕНДІ ТЕТІК

Бүгінде Шымкент қаласында құрылыс қарқыны жоғары. Екі оқушылар сарайы, шығармашылық орталық, 6 өнер мектебі, Конгресс-холл және бірнеше мектеп салынуда. Сайлауалды бағдарламаға енген барлық нысанға партиялық бекеттер орнатылып, құрылыстың уақытылы, әрі сапалы орындалуы ерекше назарға алынған. «AMANAT» партиясы жаңа мәдени нысандардың инфрақұрылымын құруға және дамытуға ықпал етуде.



Мәселен, қалалық партиялық бақылау комиссиясының мүшелері «Нұрсәт» ықшамауданында салынып жатқан оқушылар сарайының құрылыс жұмыстарын тексерді. Нысанның құрылысы 2021 жылдың аяғында басталып, қазір толық біткен. Маусым айында пайдалануға берілмек. 500 оқушыға лайықталған оқушылар сарайы 3 қабатты, 3 блоктан тұрады. Атап айтқанда, ғылыми-техникалық,

спорттық сауықтыру бағыты, үлкен және кіші бассейндері бар. 4 ауысымда жұмыс істейтін сарайда 7-18 жас аралығындағы 2000 баланың түрлі үйірге қатысуына мүмкіндігі бар. Көлік тұрағы мен 35 адамдық асхана да назардан тыс қалмаған.

Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Ғани Ташқараев бастаған партия мүшелері мен БАҚ өкілдері балалар тұлғасының шығармашылық, спорттық, ғылыми, мәдени әлеуетін дамытуға арналған ғимарат құ-

рылысы жұмыстарының сапасын зерделеп шықты.

Айта кетейік, партияның қалалық филиалы жанынан құрылған аталмыш комиссия өткен апта үш ауысымда білім беретін №65, №8, №45 мектептердің қосымша құрылыс жұмыстарын бақылап қайтқан болатын. Үшінші мегаполисте үш ауысымды мектеп мәселесі биыл толық шешімін табатын болады.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУҒА БАУЛИДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқыту басталды. Жыл соңына дейін ауылдардың 10 мыңға жуық тұрғыны өз қаржысын сауатты басқаруды үйренеді.

Жоба шеңберінде кредиттер бойынша қарыздары бар және ықтимал мерзімі өткен ауыл тұрғындары білім алады. Сондай-ақ жобаның шарттары мемлекеттен жеңілдікті кредиттер алғысы келетін ісін жана бастаған кәсіпкерлер де пайдалана алады. Оқыту бағдарламасы қаржылық жоспарлау және бюджетті басқару бойынша кеңес беруді де қамтиды. Оқыту тегін, осы жылдың соңына дейін жалғаспақ. Мамыр айында жоба

Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар және Мамлют аудандарында басталды. Болашақта жобаға басқа аудандар да қосылмақ. Тренингтер 5 күн ішінде өтеді, әр топта 30-дан 50-ге дейін адам оқиды. «Біздің идеямыз – азаматтарды өз қаржысын тиімді басқаруға және шығындарын жоспарлауға үйрету. Жоба оларға қарыз жүктемесін қалай жеңілдетуге болатынын туралы практикалық кеңестер алуға көмектеседі. Сонымен қатар азаматтар қаржылық проблемалардың қалай пайда болатынын, алаяқтық әрекеттерді қалай тануға болатынын біле алады», – деді «AMANAT» партиясы СКО филиалы төрағасы Әсем Рахметова.

«Қарызсыз қоғам» жобасы қазіргі уақытта еліміздің 8 өңірінде жүзеге асуда. Олар – Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстары. Бағдарламаны толық қаржыландыруды Halyk Bank өз мойнына алған. Оқу барысында борышкерлерге тегін заң көмегін көрсету жоспарлануда.



КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ



«AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалы жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту бойынша MIRAS кеңесінің отырысында этносаралық қатынастарды сақтау және ұлттық тәрбие мәселесі талқыланды.

Таяуда Саяси бюро кеңесінің қаулысына сәйкес, кеңес төрағасы лауазымына Дулат Абетжанов тағайындалған еді. Облыстық филиалдың атқарушы хатшысы Айгүл Маликова оны кеңес мүшелеріне таныстырды. Сондай-ақ кеңес мүшелері 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын қабылдады. Жиынға облыстық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы, Полиция департаменті, Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының өкілдері мен «Сенім Болашақ» ҚБ төрағасы Хызыр Жанарыс қатысты. Кеңес отырысында өзекті бірнеше мәселелер қаралды. Олардың бірі – елімізде болып жатқан этностар арасындағы орынсыз көзқарастар. Осы мәселе бойынша құзыретті органдардың баяндамалары

тыңдалып, кеңес мүшелері тарапынан сұрақтар қойылды.

Біздің қоғамда ұлт пен этностар арасында қалыптасқан мызғымас тату, бейбіт қарым-қатынастарға зиянын тигізіп жүрген азаматтар баршылық. Партия тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, діни көзқарасына, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне қатысты кез келген кемсітушілікті айыптайды.

«Бүгін біз бұл тақырыпты бекерден бекер қозғап отырғанымыз жоқ. Аталған мәселелер партияның Саяси тұрғынамасы мен сайлауалды бағдарламасында ерекше айтылған. Партия жалпыұлттық бірегейлікті нығайта отырып, еліміздегі ұлт-аралық татулыққа, конфессияаралық келісімге сына қауға ешқашан жол бермейді. Сондықтан қазіргі көтеріліп отырған мәселенің алдын алу және шешу – біздің жалпы ортақ міндетіміз. Күрметті Кеңес отырысына қатысушылар, егер де заңнамада кемшіліктер мен шикіліктер болса, өз ұсыныстарыңызды беріңіздер.

Мәжілісте біздің екі депутат бар. Олар біздің мәселелерді жоғары трибуналарда қарауға дайын», – деп атап өтті Айгүл Маликова.

Сонғы Республикалық MIRAS кеңесінің отырысында балалардың тәрбиесі, оның ішінде ұлттық тәрбие мәселесі көтерілген болатын. Сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы қылмыстық жауапкершілік мәселесі де қаралды.

«Қазір әлеуметтік желіде жасөспірімдер арасында аяусыз төбелестерді жиі көреміз. Олардың қаншамасы жасырын түрде өтіп жатыр. Бұл негізі бәрімізді қынжылтатын дүние. Әсіресе, әлеуметтік желілердің оның ішінде TikTok, Instagram-ның бақылаусыздығы балаларымыздың өміріне қатты әсер етуде. Бұл жерде құзіретті органдардың жұмысын сынау үшін жиналған жоқпыз. Мәселенің жауабын тауып, шешу үшін MIRAS қоғамдық кеңесі заңнамаларға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар беретін алаң болып табылады», – деді кеңес төрағасы Дулат Абетжанов.

Сонымен қатар кеңес мүшелері отбасындағы және мектептегі бала тәрбиесі, қазақ тілін оқыту және оның қолдану аясын кеңейту, өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік мәні жоқ әлеуметтік желідегі тұлғалардың және ұйымдардың жұмысына тыйым салу сияқты мәселелерді көтерді. Отырыс қорытындысы бойынша MIRAS қоғамдық кеңесі мемлекеттік органдардан, кеңеске қатысушылардан күн тәртібіндегі аталған мәселелерді реттейтін заңнамалар мен құжаттарға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар беруді сұрады.

АҚСУАТҚА ГАЗ КЕЛДІ

Қызылорда облысындағы Ақсуат ауылдық округі табиғи газға қосылды. Ел игілігіне бағытталған шараға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Наурызбай Байқадомов қатысып, ауыл тұрғындарын құттықтады.

Бұл – 26 елді мекен, 583 мыңға жуық тұрғын табиғи газбен қамтылды деген сөз. Биылғы республикалық бюджеттен 7,4 млрд теңге бөлініп, 2022 жылы басталған 7 жоба жалғасты және 12 жана жобаның құрылысы басталады», – деді аймақ басшысы.

Ақсуат ауылдық округін газдандыру жұмыстары «AMANAT»

партиясының сайлауалды бағдарламасына енгізілген болатын. Бүгін міне, бірлескен жұмыстар нәтижесінде ел игілігіне беріліп отыр. Елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету партияның алдағы 5 жылға жоспарланған сайлауалды бағдарламасы аясында жалғасын табатын болады.



Дайындаған Нұрлан ҚОСАЙ

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –

ДАМУДЫҢ
АЛТЫН ДІНГЕГІ

Айхан ШӘРІП

Белгілі экономист ғалым, экономика ғылымдарының докторы Рашит Кареновтың айтуынша, тиімді түзілген индустрияландыру жана экономиканың бейнесін сомдайды. Индустрияландыру отандық бизнесмендер мен шетелдік инвесторларға мемлекеттік қолдау құралдарын пайдаланып, Қазақстанда ірі жобаларын жүзеге асыруына жол ашады. Сондықтан бұл тетіктен елдің ешбір билігі бас тартпас еді.

2019 жылы ел тізгінін қолына алған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның индустриалық, инновациялық әлеуетін арттыруға және оны толыққанды жүзеге асыруға ден қойды. Ел Президентінің ұлттық экономиканы монополия мен олигополиядан арылтуға, яғни әрбір секторды еркін билеп, төстеген олигархтарды заң мен тәртіпке келтіруге бағытталған бастамалары да индустрияландыруға серпін беруді қарастырады. Осының арқасында бизнес алдынан бұрын жабық болып келген жана есіктер ашылады. Мемлекеттік қолдау мен қаражаттарды билікке жақын тұлғалар басыбайлы иемденіп, өзге бизнесмендерге «жауған шұғадан ұлтарак та тимейтін» кер заман келмеске кетуі тиіс.

Жақында өткен әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Қ.Тоқаев бізге көзбояу емес, «нағыз, шынайы индустрияландыру қажет» деп қадап айтты.

Ал бұдан бұрын, 2019 жылғы 27 наурызда барлық өңірдің әкімі және Үкімет мүшелері қатысқан үлкен жиында еліміздің жана Президенті экономикалық дамудың басты тіректері инвестиция, экспорт және индустрияландыру болатынын жариялады. Сондықтан мемлекет пен бизнестің, орталық пен өңірлердің күш-жігері де соған жұмылдырылады. Сонымен бірге Мемлекет басшысы өңірлерде ұзақ билік етуі салдарынан өзін шағын патшадан сезініп кеткен әкімдер іскерлік белсенділікті тежейтін кедергілер мен шектеулер орнатып қойғанын қатан сынады.


Сорақысы сол, әрбір инвесторды «жалғызым» деп санап, оның өңірде қалуы үшін барлық жағдай жасау орнына әкімқаралар бизнесмендерді жақын және бөтенге бөліп, таңдайтынды шығарған. Президент «әлеуетті инвестор бүгінде қол жайған тіленшінің кейіпіне түсірілгеніне», олардың сұранысын жедел әрі конструктивті шешу орнына әкімдіктер бюрократиядан алынбас қамал жасап, шет-шегі жоқ сергелдене салатынына наразылығын білдірді. Салдарынан салы суға кетіп, жігері жасыған инвестор өзге елге кетеді. Содан болса керек, кейінгі жылдары Қ.Тоқаев елдегі барлық дерлік аймақ басшысын ауыстырып шықты.

Ел Үкіметі инвесторларға жер алу, инженерлік, коммуникациялық желілерге қосылу, әртүрлі рұқсатты алуға қолғабыс ету және басқа бағыттарда ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Әрине, онжылдықтар бойы қордаланған жүйелі, кешенді мәселелер тегіс шешілген жоқ. Бірақ оларды әшкерелеп, жоюға бағытталған іс-қимыл өрстеті.

Осыған жауапты тұлғалардың ісіне серпін беру үшін Мемлекет басшысының тапсырмасымен инвестиция тарту, индустрияны өркендету және сол арқылы шикізаттық емес экспортты дамыту министрлер мен әкімдер қызметінің басты көрсеткішіне айналды. Осы жұмыстары ақсаған, көрсеткіштері кері кеткен өңірлерде соңғы төрт жылда әкімдер жиі ауысқанын аңғаруға болады.

Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында да индустрияландыру

Кейінгі жылдары еліміз индустрияландыруға көңіл бөледі қойып кеткендей көрінеді. Бұрынғыдай үлкен сән-салтанатпен «Индустрияландыру күні» мен телекөпірлер өткізілмейді, Мемлекет басшысының өзі бейнеконференция байланысы арқылы жаңа тұрпатты жобалар мен зор ауқымды зауыттарды іске қоспайды. Бірақ шынында елде индустриалық даму үрдісі жақсы қарқынмен жалғасып жатыр. Кәсіпорындар бұрынғыдай ашыла сала дағдармайды, оның өндірісі мен өнімін өткізуі барынша мұқият ойластырылады. Ал ел Президенті бұл іске баса мән-маңыз беріп отыр.



мәселесіне айрықша назар аударды. Президенттің пайымдауынша, Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану. Осы саладағы табыстарымызға қарамастан, ішкі нарықтың зор мүмкіндіктерін әлі де толыққанды жүзеге асыра алмай келеміз. Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін арада қайта өңдеу ісінің жана салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтиды.

Сол себепті Мемлекет басшысы сапалық тұрғыдан мүлде жаңа ұлттық индустрияны дамыту үшін жаңғыртылған заңнамалық тұғыр құруды тапсырды. VI және VII шақырылымдағы Парламент бұл тапсырманы тап-тұйақтай, тыңғылықты орындап шықты. Енді ел Үкіметі мен әкімдер соның негізінде елді индустрияландыру, шетелдік инвесторларды тарту бағытында жұмыс жүргізу үстінде.

Мысалы, сол депутаттық корпус ел тарихында тұңғыш рет «Өнеркәсіп саясаты туралы» заңын қабылдап, өңдеу өнеркәсібінің дамытуында қағидағарын, мақсат, міндеттерін белгілеп берді. Бұған қоса өңір өнеркәсіпті реттеу және оған қолдау көрсету мәселелері түрлі заңнамалық актіде көрініс тапқан еді. Бірақ ортақ мақсат көрсетілмеген, саясат пен шаралардың арасында өзара байланыс жоқ болатын. Үкіметтен өнеркәсіпке қолдау көрсетудің нақты шараларын әлі жетілдіру талап етіледі. Бұл тұрғыда жүйелі әрі біртұтас ұстаным болғаны жөн. Әйтпесе, соның салдарынан сансыз көп жобаға ел қаржысын босқа ысырап ете бермек. Мұнда да салмақты жұмыс жүргізілуде. Әр жоба Үкі-

меттегі Инвестициялық штабта, Инвестициялық ахуалды жақсарту кеңесінде қаралады, инвесторға көмектесу және қолдаудың жөн-жобасы түзіледі. Президент стратегиялық жобалар үшін заттай грантты, қаржыландыру жөніндегі, жеке кепілдікті, экспорттық қолдау тәсілдерін топтап ұсынды жүктеді. Инвесторлар қаржылық шығынының бір бөлігін салық төлеуден босату арқылы өтей алатын болады.

ДАМУҒА БАҒЫТ СЫЙЛАҒАН КАРТА

Қазақстанның жаңғыртылған Индустрияландыру картасында бүгінде 300-ден астам салмақты жоба бар. Бірақ оның жар-тысы – 5 өңірдің ғана еншісінде. Демек, өзге өңірлер осы бағыттағы қозғалысына, іс-қимылына қарқын қосқаны маңызды.

Бұрынғы Индустриалық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасының күші жойылды. Тіпті, Қазақстан Индустрияландырудың үшінші бесжылдығын аяқсыз қалдырды. Қазір елдің индустриалық дамуы Индустрияландыру картасы аясында жүзеге асып жатыр. Ол мемлекеттік қолдауды біршама жүйеге түсірді, жобалардың орта жолда қалмай, толыққанды іске асырылуы үшін барлық деңгейдегі биліктің жауапкершілігін арттырды.

Үкімет Индустрияландыру картасын ұдайы жаңартып тұрады. 2023 жылғы қантардағы соңғы нұсқасына 339 жоба кірді. Оның ішінде аса ірі 15 жоба бар. Олардың іске асырылуына нақты министрліктер, «Самұрық-Қазына» қоры немесе даму институттары жауапты.

Мұның сыртында Өңірлік индустрияландыру карталары жалпы саны 324 жобадан тұрады. Бұл жобаларды ел игілігіне айналдыру – әкімдердің негізгі міндеті. Карталардағы жобалардың соңғысы 2029 жылы іске қосылады.

Аса ірі жобалар арасында, әсіресе пайдалы қазбаларды өндіруге, металлургия саласына қатыстылары менмұндамайды. Атап айтқанда, Ақмола облысында алтын өндіретін RG Gold жылына 5 миллион тонна өнім шығаратын тау-гидрометаллургиялық кешен салып шықты. Қызылорда облысында қартаға Шалқия қорғасын, мырыш кен орнында жылына 4 миллион руда өндіретін тау-кен байыту комбинатының жобасы енді. Оны «Тау-Кен Самұрық» ұлттық компаниясы тұрғызып жатыр. Абай облысындағы Айдарлы кен орнында да тау-кен байыту комбинаты бой көтереді. Қарағанды облысында кешенді құймалар зауытының құ-

рылысы қолға алыныпты. Өңірде «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнының өнім өндірісін кеңейту де жоспарланған. Павлодар облысында EkibastuzFerroAlloys феррокорытпа зауытын салу жобасы іске асырылды.

Топ-15 тізіміне мұнай химиясына қатысты 4 жоба қосылды. Оның ішінде Атырау облысында Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. кешені іске қосылды. Осы облыста 2025 жылы KLPE компаниясы полиэтилен кәсіпорнын қолданысқа беруді жоспарлаған. Мұның сыртында Almek Polymer полипропилен зауыты жобасын Шымкентте салуға кіріскен. Батыс Қазақстан облысында Zhaik Petroleum Ltd компаниясы метанол шығаратын кешен ашады. Осылайша, Қазақстанда тұтас мұнай-химия өнеркәсібі жанаша дами бастамақ.

Еліміздегі химиялық өнеркәсіп саласындағы 4 үлкен зауыттың үшеуі фосфаттар мен кальцийлендірілген содаға бай Жамбыл облысында іске қосылмақ. Бұлар – «Қазфосфат», Qazaq-Soda және «ЕвроХим-Удобрения» кәсіпорындары. Тағы бір жобаның – «АралСоданың» кальцийлендірілген сода жасайтын зауытының құрылысы Қызылорда облысында жүргізіледі.

Өз кезегінде Премьер Ә.Смайылов мемлекеттің отандық машина жасау саласын одан ары дамыту үшін тиісті қолдау шараларын жалғастыратынын баса айтты. Соның ішінде жана технопарктер құруға, қаржыландырудың қолжетімділігін кеңейтуге, жергілікті қамтуды арттыруды ынталандыруға және кооперациялық байланыстарды нығайтуға, кәсіпкерлікті қолдаудың өзге қажетті шараларын қабылдауға басымдық берілетін болады.

2023 жылы өңдеу өнеркәсібінде, өндірісті жаңғырту саласында инвестициялық жобаларды жеңілдікпен қаржыландыруға Қазақстан даму банкі мен Өнеркәсіпті дамыту қоры желісі бойынша 500 миллиард теңге арна тартты. Бүгінде 200 млрд теңгеден астам сомаға жобалар мақұлданыпты. Мемлекет алда бұл қаржыландыруды екі есе арттырып, 1 триллион теңгеге жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл да индустрияландыруға қуатты қолдау болмақ.

Тәуелсіздік жылдарында республика 410 миллиард доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартты. Бірақ оның көп бөлігі шетелге кері әкеліні күпия емес. Сондықтан Президент тапсырмасымен, капиталдың заңсыз сыртқа ағып кетуіне тосқауыл қою шаралары қабылданды. Үкіметке 2029 жылға дейін тағы 150 млрд доллар инвестиция тарту стратегиялық міндеті жүктелді. Индустрияландыруға, ғылым мен технологияларға, пайдалы қазбаларды шикізат түрінде арзанға сатпай, жете өңдеуге құрылған жана, әртарапталдырылған экономика Қазақстанның жаһандық дағдарыстарға төзімділігін арттырып, азат қазақ елінің күн сөнгенше мәңгі тұруына сүбелі үлесін қоспақ.

ЗАҢСЫЗ ШЫҒАРЫЛҒАН АКТИВТЕР
ҚАЙТАРЫЛЫП ЖАТЫР

Астанада Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомстворалық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

Жиынды ашқан Бас прокурор Берік Асылдов комиссияның жана мүшелерін таныстырып, отырыста үш мәселе қаралатынын жеткізді. Бірінші комиссия жұмысының нәтижелері және кейбір аспектілері туралы, екіншісі жекелеген істер бойынша активтерді қабылдау тәртібі туралы, үшіншісі параллельді қаржылық тергеу-тексеруді жүргізу туралы.

«Елге заңсыз шығарылған активтерді қайтару – Президентіміздің басты тапсырмаларының бірі. Жақында өткен Парламент сессиясын ашу кезінде Мемлекет басшысы осы мәселені қайталап, назар аударды. Арнайы заңды тезірек қабылдауды тапсырды. Бұл бағытта комис-



сия мүшелері үлкен жұмысты атқарды. Әлемдік тәжірибе зерделенді, сарапшылар ұсыныстары жиналды. Әділет министрлігінің бастауымен мемлекетке заңсыз игерілген активтерді қайтару туралы заң жобасы әзірленді», – деді Бас прокурор.

Оның айтуынша, бүгінде мемлекетке 760 млрд теңгеден астам соманың активтері қайтарылған. Оның ішінде 575 млн

доллар шетелдерден келген. Қайтару шараларына комиссияның барлық мүшесі және мемлекеттік органдар жұмылдырылған.

«Жоғарғы Сот бұрын негізсіз олигополия субъектілерінің пайдасына шығарылған шешімдерге қатысты Бас прокурордың 24 наразылығын қанағаттандырды. Мысалы, Алматы ауыр машина

жасау зауытының 31 пайыз акциясын жекешелендіруді заңсыз деп тану туралы сот шешімі қабылданды. Басқа жағдайда Жоғарғы Соттың қаулысы астаналық «Думан» қонақүй кешенінің иелерінен 1,3 млрд теңге өндіріп алуға мүмкіндік берді. Бұдан басқа, соттар заңсыз сатылған мемлекеттік мүлікті қайтару жөніндегі ондаған талапты қанағаттандырды. Олардың ішінде өндірістік нысандар, базарлар, коммерциялық үй-жайлар, элиталық жер телімдері және тағы басқалары бар», – деді Бас прокурор.

Оның айтуынша, таяуда сот шешімі бойынша АМӨЗ меншігіне Атырау қаласындағы Сұйытылған мұнай-газды сақтау паркінің 50 пайыздық үлесі қайтарылған. Басқа мемлекеттерге құқықтық көмек көрсету туралы 100-ден астам сұрау хат жолданған. Соның нәтижесінде 100 млн АҚШ долларынан асатын мүлікке тыйым салынған. Сонымен қатар Қаржы министрлігі қаржы-өнеркәсіп топтарының (КӨТ) кәсіпорындарынан қосымша 100 млрд теңгеден астам салық өндіріп алды. Экология және табиғи ресурстар министрлігі КӨТ компанияларына 7 млрд теңгеге жуық айыппұл салды, ал Басөкестікті қорғау және дамыту агенттігі 4 млрд теңгеге санкциялар қолданған.

Прокурорлардың шараларымен олигополия субъектілеріне бұрын негізсіз берілген немесе нысаналы мақсаты бойын-

ша пайдаланылмайтын 460 мың гектардан астам жер қайтарылды.

Жиында Бас прокуратураның Халықаралық-құқықтық ынтымақтастықты дамыту қызметінің бастығы Нұрәулет Сүйіндіков комиссияның атқарған жұмысы жөнінде баяндады.

«Күшін жойған шешімдер олигополия субъектілерінің пайдасына шығарылған болатын. Жоғарғы Соттың жана ұстанымының нәтижесінде елеулі активтерді мемлекетке қайтаруға, салықтар мен айыппұлдарды өндіруге, тарифтерді төмендетуге қол жеткізілді», – деді ол.

Ал Активтерді қайтару бойынша ведомстворалық комиссияның ресми өкілі Зейін Әліпбек тәркіленген мүлікті қаражатқа айналындыру мәселесі әлі талқыланатын жатқанын жеткізді. Шетелден қайтарылған активтер дүние-мүлік түрінде, валюта түрінде Лихтенштейн, Аустрия, Біріккен Араб Әмірліктерінен қайтарылып жатыр.

«Қайтарылған активтер еліміздің әр саласына жіберіледі. Мысалы, салықтан жалтарулар болса, біздің комиссия 100 млрд теңгегін салығын қайтарды, ол салық органдарының өз шотына түседі. Оған қоса, заңсыз алынған, өз мақсатына пайдаланылмаған 460 мың гектар жер қайтарылды. Бұл да әр ауылдың, әр аумақтың меншігіне қайтарылады. Тәркіленген басқа да мүліктерді қайда жіберу керекі талқыланып жатыр», – деді З. Әліпбек.

Коррупциямен күрес нағыз ғажайып жасап, елді игілікке кенелте алады. Былтырғы қанды қаңтар оқиғаларынан кейін еліміздегі ең көп жемқорлық жайлаған саланың бірі саналатын кеденде коррупция көріністерімен шынайы күрес басталған болатын. Бұл ел қазынасына құйылатын қаражаттың күрт артуына ықпал етіпті. Жалпы, енді Үкімет өкілдері де кедендегі сыбайлас жемқорлыққа бұрынғы ел басшылығына жақын адамдар қолдау көрсеткенін жоққа шығармайды. Билік бүгінде бұл кеселден қаншалықты арылып жатыр?

ЖЕМҚОРЛАРДЫҢ АУЗЫНАН «ЖЫРЫП АЛДЫ»

Кеден мен салық саласына қатар жауап беретін Мемлекеттік кірістер комитеті қызықты дерек жариялады: 2023 жылғы I тоқсанда республикалық бюджеттің салық түсімдері 5 триллион 667,3 млрд теңгені құрады. Яғни, ел табысы өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда бірден 21,4% немесе 998 миллиард теңгеге өсті. Жылда осы қарқынмен артса, онда Қазақстан тез арада дамыған елдерді қуып жетер ме еді.

«Жемқорлықтың ақуалары» қосылған құн салығын (ҚКС) жемсауға айналдырып алғаны жасырын емес. Онымен күрес арқасында биылғы I-ші тоқсанда өткен жылғыға қарағанда бюджетке импортқа ҚКС-тен түскен түсім ғаламат көлемге, 2 есеге ұлғайды. Мұның сыртында ішкі өндіріс тауарларына ҚКС 21,2%-ға, корпоративті табыс салығы 20,7%-ға және ЕАЭО елдерінен импортқа ҚКС 2%-ға көбейді.

Жемқорлардың көптеген схемасы жалған электронды шот-фактуралар жазуға қатысты. Бұл сала да ретке келтіріліп жатыр. Нәтижесінде, биылғы жыл басынан ЭШФ аясында салық салынатын тауар айналымының базасы 27,7%-ға немесе 8,8 триллион теңгеге өсті.

Шетелден тауар таситын импорттаушылардың бір бөлігі салықты аз төлеу үшін жүктің құнын арзандатып көрсетеді немесе кеденшіге пара беріп, оның көлемін кемітуге қол жеткізеді. Кедендегі бұл кесір құбылыспен де белсенді күрес жүргізілуде. Соның нәтижесінде, 2023 жылғы I тоқсанда Қазақстанның үшінші елдермен тауар айналымы 13,9%-ға өссе, соның ішінде импорт 1,8 есеге артып шыға келген.

Осының бәрі ел аумағын арттыру, мемлекетке әділдікті орнықтыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті ары қарай өрістетуге қажет екенін растайды.

Жалпы, 2022 жылы Президент Қ.Тоқаев кеден саласында тәртіп орнатуды бірнеше рет талап еткен болатын. Осыдан кейін кеденде пара алуды конвейерге қойған бірқатар ірі басшы ұсталды. Қаржы министрілігі салаға тексеріс жүргізіп, көптеген бұзушылықты әшкереледі. Сарапшылар «кедендегі

контрабандадан ұзақ жыл бойы бұрынғы президенттің отбасы заңсыз табыс тауып келгенін» ашық айтып жүр. Мұның қаншалықты шын екенін таяуда журналистер вице-премьер—Қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтан сұрады.

бұғатталып қалатынын білмей, үнемі қылпылдап, қобалжып отырарын. Біздің компания, әрине пара берген емес, сондықтан осы жылдары қаншама қиындық көрді», — дейді Ерболат. Ол ең көп пара талап етілетін

фальсификациялау, тауарларды кеденнен заңсыз шығару жатады.

Қазақстан — Қытай және Қазақстан — Өзбекстан шекараларындағы кеденді өткізу бекеттерінде жемқорлық фактілері көп тіркелетін көрінеді. Ондаған жыл бойы батпандап кірген кесел енді

барлық бизнес-процесті модернизациялау, кеденді тәртіпке келтіру, көлемді экономикамен күрес шаралары жүзеге асырылды.

Қытай тарапынан жүк тасу қызметін уәкілетті экономикалық операторлар басыбайлы меншіктеп алып, өзге бизнесмендерге өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік бермеген. Құзырлы органдар бұл операторларға қатысты тергеулер жүргізді, олар өз қызметтерінің құнын ымыраласып, шектен тыс қымбаттатқанын мойындады. Бизнесмендердің мәліметінше, операторлар Қазақстаннан Қытайға өтіп, жүгін арнайы аймаққа түсіріп, кері қайту, яғни небәрі 1 500 метр жүріп өту үшін әрбір көліктен 40 мың долларға дейін жинаған. Ал күніне кеденнен 200-

Бұған қоса, Qoldau тұғырнамасында CarGoRuqsat сервисі де ел игілігіне тапсырылды: ол арқылы тасымалдаушылар көлігінің кедендегі электронды кезегін бекіте алады. Осылайша, қос сервис сыртқы экономикалық қызметке қатысатын кәсіпкерлер қаржысын да, уақыт ресурсын да үнемдейтін болады.

Бұрынғы тәжірибе бойынша «дозвол» бланктерін компаниялар алдын ала алуы тиіс еді. Содан әлдебір заңды тұлғалар рұқсатнаманың басым бөлігін өзара «ханталапайға» салып, бөлісіп алатын. Олардан түк қалмауы мүмкін екенін түсінетін өзге тасымалдаушылар да мұндай бланкілерді басы артық, үлкен «запаспен» алуға тырысатын. Сонымен оның біразын пайдаланбай, бланкіге зәру болып, таппай отырған әріптестеріне сататын. Соның кесірінен бұл рұқсатнама да жемқорлықтың құралына айналып кетті.

Сонымен бірге бланк тез таусылып қалып, шын еліне өнімін өткізетін отандық өндірушілер зарлап шекті, экспорт құлдырады. Рұқсатнама болмаған соң тауарлары тиелген жүк көліктері соны күтіп, кеден жанында кептеліс туғызып, қантарылып тұратын.

Жаңа тәртіп пен тәжірибе бойынша бланк күнібұрын емес, жүк кеденге келіп жеткенде және CarGoRuqsat электронды кезегіне тұрғанда ғана рәсімделеді. Яғни, тек шекараны кесіп өтуге шын мұқтаж көліктерге беріледі. Тасымалдаушылардың айтуынша, бастапқы кезде бұл жаңа тәртіп те кептеліс туғызып, Бірақ Мемлекеттік кірістер комитеті жүйедегі кемшіліктерді түзетуге тырысуда. Жүк тасушы шекараны кесіп өту мақсатында электронды кезекті брондағанда комитет сол өтімді иесінің деректеріне онлайн режимде форматты-логикалық бақылау жүргізеді. Тиісінше, кеденшінің жұмысы жеңілдейді, кедендік бақылау тым ұзаққа созылмай-ақ тиді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігінің Көлік комитеті мен Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «рұқсатнаманың шетелдік бланкін» кеденде онлайн рәсімдеу бойынша бірлескен жобасын әзірге тек «пилоттық режимде» және Қытай бағытында ғана іске қосып отыр. Сынақ 2024 жылғы 15 наурызға дейін жалғасады. Ол Жетісу облысындағы «Достық-авто» және «Нұр Жолы», Алматы облысындағы «Көлжат», Абай облысындағы «Бакты» және ШҚО-дағы «Майқапшағай» өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

Кедендегі жемқорлықты жоюдың «мультипликативті эффекті» үлкен және ол күннің шуағындай барлық дерлік салаға тарайды. Соның арқасында қазақстандық тасымалдаушылардың, кәсіпкерлердің басы артық шығындары жойылады, оларға тауарларын ел ішінде арзандатуға мүмкіндік беріледі. Ал отандық өндірушілер өз өнімін шетелге кедергісіз, көбірек экспорттай алады. Осы күрестің нәтижесінде Қазақстанның транзиттік әлеуеті де артады, экономика дамиы. Ендіше мемлекет коррупциямен күресті орта жолдан қайыра салмай, оған қуатты қарқын бергені абзал.

КЕДЕН Қалай ТАЗАРЫП ЖАТЫР?

Елдос СЕНБАЙ

— Шынында, олардың саны өте көп. Тауар тасумен айналысатын 15-тен астам экономикалық оператор болған. Бірақ олардың нақты қайсысына қатысты қылмыстық істер қозғалғанын, келтірілген шығынның нақты көлемін құқық қорғау органдары айта алады. Мен тек бюджетке заң бұзғандардан қосымша шамамен 50 миллиард теңге өндірілгенін айта аламын. Бас прокуратурамен, өзге құқық қорғау органдарымен бірге жұмыс тобы құрылып, кеденде тексеріс жүргізілді. Анықталған барлық факті бойынша материалдарды құзырлы органдар пысықтап, түрлі тергеу жүргізіп жатыр. Бірнеше экономикалық оператор заңды жүйелі бұзып келген. Олардың қожайындарын, ақырғы бенефициарларын өздеріңіз атадыңыздар, — деді Е.Жамаубаев.

Соған қарағанда, кеденді жемқорлардан тазалауға билік салмақты түрде кіріскенге ұқсайды.

ПАРАҚОРЛЫҚ АЛАПАТ АУҚЫМҒА ЖЕТКЕН

Еліміздегі жетекші трейдерлік компанияның өкілі, кәсіпкер Ерболат Жақсыбек кеденнің біраз тәртіпке келгенін айтады. Әйтпесе, кедендегі өткізу бекеттері үлкен адамдардың делдалдық фирмаларының қалтасын кампайтатын «қара қасқаға» айналып кеткен. Мысалы, жүкті Қытайдың кеденіндегі бейтарап аймақтан Қазақстан аумағына алып өту үшін тек қолма-қол ақшамен төлеу талап етілген. Чегодан толы сол орасан қаржының қайда тасылғаны беймәлім. Рұқсатнама, бланк ала алмаған жүктерді КХР аумағына алып өтуді де делдалдар іске асырды. Тіпті, жұңго елінде жүруге қажетті құжаттары жоқ жүргізушіні ауыстырып, оның орнына рөлге отыратын «арағайын» жүргізушілер де кеденді жағалаған.

«Кеденде бұрын барлығы үшін пара талап етілетін: тауарыңды кеденді тексеруге жібермесін десең, төле. Кеденші не мемлекеттік кірістер органының өкілі тауарлардың декларацияда көрсетілген құнына күмәнданып, көрші елден құжат сұратып, сонымен салыстырмасын десең, онда да төле. Мұндай тексеріс жүгінің салмағына және ондағы тауарлардың классификациясына қатысты да басталуы мүмкін. Биліктің өзі бизнесті пара беруге итермеледі: ережелердің түсініксіздігі, бұлыңғырлығы салдарынан тіпті барлық құжатты толық болған жүгінің кеденнен уақытында өтетінін, әлде қосымша тексеруге жіберіліп,



“

Жемқорлардың көптеген схемасы жалған электронды шот-фактуралар жазумен байланысты. Бұл сала да ретке келтіріліп жатыр. Нәтижесінде, биылғы жыл басынан ЭШФ аясында салық салынатын тауар айналымының базасы 27,7%-ға немесе 8,8 триллион теңгеге өсті.

кеден ретінде Қытаймен және Өзбекстанмен арадағы шекаралық өтпелерді атады. Өйткені шекараны кесіп өтуде кездесетін ең көп түйткіл де соларда туындайды.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жасырын сауалнама жүргізу арқылы анықтағандай, шекараны кесіп өту кезінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың 90%-ы сыбайлас жемқорлыққа кезігіпті. Барлық параның жартысын 300 долларға дейінгі сома құрады. Мысалы, кеденнен кезексіз немесе тез өту «құны» осы шамалас.

Кедендегі қозғалыстың барлық түрін: импортты, экспорты және транзитті коррупция жайлаған. Кеденде мұндай қылмыстарды жасау тәсілі өте көп. Кең тараған түрлеріне тауарлар мен көліктерді заңсыз өткізу, тауарларға ілеспе құжаттарды, басқа құжаттарын

ғана мысқалдап шығып жатыр. Сондықтан Үкіметтен, құзырлы органдардан осы тараптағы күреске соны серпін беру, тегеурінді қимылдау, кешенді жұмыс жүргізу талап етіледі.

Айтпақшы, кедендегі жемқорлықтың тамыр жайған «шұратынын» бірі — «Қорғас» шекаралық ынтымақтастықтың халықаралық орталығы болыпты. Пандемия кезінде Қорғас ШЫХО жабылып қалды. Коронавирус беті қайтса да, орталық ашылмады. Әйтпесе, ірі, салтанатты той-томалақ өткізетін қазақстандықтардың көбі тауар, киіп, сый-сияпат алу үшін екі ел арасындағы осы шағын шаһарға шабатын. Үш жыл жабық болған «Қорғас» елді зарықтырып барып, биылғы 24 сәуірде қайта ашылды. Жетісу облысы әкімдігінің түсіндіруінше, оны ашу үшін жыл басынан бері орталық аумағындағы

ден астам машина өтеді. Бұл заңсыз баю схемаларында олармен кейбір кеден бекетінің бастықтары әмпей-жәмпей болған. Мысалы, Антикор «Нұр Жолы» кеден бекетінің басшысын және оның орынбасарларын тұтқындағаны белгілі.

«Нұр Жолы» кеден бекетінің жаңа басшысы Асқар Бекбергенов шекарадағы көптеген делдал алып тасталғанын жеткізді. Барлық құжаты дұрыс өрі толық кез келген бизнесмен кеденге келіп, рәсімделіп, еркін өтіп кете алатын көрінеді.

КҮРЕС ЭЛЕКТРОНДЫ МАЙДАНДА ӨРІСТЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет жемқорлыққа себеп болатын факторларды жоюға күш салуда. Мысалы, Qoldau цифрлық платформасы аясында 2023 жылғы 26 сәуірде CarGoAlem электронды сервисі іске қосылды. Осының арқасында қазақстандық тасымалдаушылар, трейдерлер Қытай аумағына өту үшін қажетті «рұқсатнаманың шетелдік бланкін» дәл шекараны кесіп өту кезінде ала алатын болады. Тасымалдаушылар «дозвол» атап кеткен осы рұқсатнама құжатын енді өткізу пунктінде CarGoAlem арқылы «онлайн» рәсімдеуге мүмкіндік туды.

МАШИНА ЖАСАУШЫЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ



Астанада «Машина жасау – жаңа технологиялар мен инновацияларды дамытудың драйвері» тақырыбында Қазақстан машина жасаушыларының XI форумы өтті. Өңдеу өнеркәсіпін дамыту стратегиясын қалыптастыруда бұл форум айрықша маңызға ие екенін атап өткен жөн.

«Машина жасау саласы — кез келген индустриалды дамыған мемлекет экономикасының маңызды бөлшегі. Жабдықтар, машиналар, түрлі аспап, сондай-ақ халыққа арналған тауардың барлық түрін өндіре отырып, машина жасау кешені экономиканың барлық негізгі салаларындағы қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етеді», — деп атап өтті Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Илияс Оспанов.

Бүгінде отандық өнеркәсіпте машина жасау үлесі 6%-ды, ЖІӨ бойынша 1,5%-ды қамтиды. Аталған салада 4 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Сонымен қатар биыл құны шамамен 230 млрд теңге болатын 36 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Саланы одан әрі дамыту үшін Мемлекет басшысының тапсыр-

масы бойынша машина жасауды дамыту жөніндегі кешенді жоспар әзірленуде. Осы орайда маңызды құжатты әзірлеуге қатысты толық ақпаратпен «Qazindustry қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Әлихан Абақанов бөлісті.

«Машина жасау саласының инвестициялық тартымдылығын одан әрі арттыру, оның бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша тиісті кешенді жоспар әзірленуде. Оны табысты іске асыру саланың дамуына қуатты серпін береді және еліміздің тұрақты индустриялық өсуіне маңызды үлес қосады. Биыл ИИДМ тау-кен металлургия, электротехника, мұнай-газ, теміржол, ауыл шаруашылығы, машина жасау салалары бойынша 7 жұмыс

тобы құрылды. Кешенді жоспардың әрбір бөлігі егжей-тегжейлі талқыланып келеді», — деді А.Абақанов.

Өз кезегінде Қазақстан машина жасаушылар одағының атқарушы директоры Өмірсерік Ержанов машина жасау кәсіпорындарын қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар туралы айтып берді.

«Бұл форум саланы өркендетуге ықпал ететін тың тәсілдер табуға арналған тиімді диалог алаңына айналды. Әлбетте, қазақстандық машина жасау өндіру өнеркәсібінде жетекші рөл атқарыды. Машина жасау саласын дамыту шеңберіндегі жұмыс жалғасатын болады», — деді отандық машина жасаушылар одағының өкілі.

Б.ИКРАМОВА

«Костюм – актердің екінші келбеті, оны одан бөліп қарау мүмкін емес. Әрбір актер өзінің шынайылығымен сахналық келбетті жаңадандырады» деген екен белгілі режиссер, актер Александр Таиров. Бірақ сол сахналық келбетті жасайтын көркемдік жетекші болса, ойдағыны жүзеге асыратын тігінші. Күні кеше тігіншіліктен басталған қадам оны Астана Опера театрындағы тігін цехының жетекшісіне дейін көтерді. Ол – Фатима Сатыбалдина. Театр шымылдығы ашылғалы жұмыс істеп келе жатқан кейіпкеріміз өзінің еңбек жолын, бастан кешкен қызықты күндерін, сахнаның тыныс-тіршілігі жайында сыр шертті.

Фатима САТЫЛДИНА,
тігінші:

Костюм Де

актердің келбеті

ОН ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ 40-ТАН АСА ПРЕМЬЕРАҒА КИІМ ТІГІЛДІ
— Астана Опера ашылғалы осында жұмыс істеп келесіз. Театрға алғаш келген күніңіз есіңізде ме?

— Әрине, есімде. Оған дейін Күләш Бәйсейітова атындағы ұлттық опера және балет театрында едік. Сол жақтан «Раден», «Ұйқыдағы ару» балетіне тігіп жатқан костюмнің бәрін көтеріп әкелгеніміз бар. Әртістің көбі жана театрға ауысып кеткен. Жап-жана театрға кіргенімде көкірегім көкке ұшып, тынысым ашылғандай болды. Ішімнен «осындай жерде жұмыс істегелі тұрмын ба?» деп сенер-сенбесімді білмедім. Тігін цехын көргенде қанат біткендей болды. Іші кең, жап-жарық ғимараттың ішінде тігін машинкасы өзі жүріп кететіндей көрінді. Сөйтіп, Ғалия Құрманғалиева басқаруымен жұмысты бастап кеттік. Астана Опера театры алғашқы спектаклін «Біржан – Сараман» ашты. Сол кезде түні-күні аяқтан тік тұрып, «Аққу көлі» балетінің костюмін тіктік. Өмірдің ғажабы, адам жаны қалаған мамандықты тапса, шаршауды білмейді екен. Бар ойымыз — әртістерге киімді уялмай киіп шығатындай сапалы тігу.

— Осы уақытқа дейін біраз қойылымға киім тіккен боларсыздар...

— Он жылдың ішінде 40-тан аса премьераларға киім тігді. Барлығы — қымбат мата. Шыны керек, біз костюмдер бойынша қазақстандық қана емес, шетелдің атақты және үздік суретшілермен де жұмыс істедік. Мысалы, Софья Тасмағамбетова, Павел Драгунов. Олардың қатарында опера отаны — Италиядан арнайы шақырылған маман, «Оскар» сыйлығының лауреаты Франка Скуарчапино да бар. «Астана Операда» қойылған бірқатар спектакль киімдерінің авторлық құқығы негізінен сол кісіге тиесілі. Сонымен қатар А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Дж.Пуччинидің «Мадам Баттерфляй», «Богема», Дж.Россинидің «Севильдік шаштараз», Дж.Бизенің «Кармен» опералары мен П.Чайковскийдің «Аққу көлі», «Ұйқыдағы ару», С.Прокофьевтің «Ромео мен Джульетта», Б.Сафьевтің «Бахшасарай бұрқағы», Л.Минкустың «Баядерка» және «Дон Кихот», А.Аланнның «Корсар» және «Жизель», Л.Делибтің «Коппелия» балеттері, «Қыз Жібек», «Біржан сал», «Алпамыс», «Қалқаман — Мамыр», «Турандот», «Евгений Онегин» секілді үлкен қойылымның бәріне киімді біз дайындадық.

БІР ЖИЫНТЫҚКА 5-6 ЗАТҚА ДЕЙІН КІРЕДІ

— Бір қойылымға костюм тігуге қанша уақыт кетеді? Жалпы, ең көп киімді қай қойылымға тіктіңіздер?

— Біз жылына 5-6 сахналық қойылымның киімін даярлаймыз. Оның ішінде үшеуі балет, енді үшеуі опера болуы мүмкін. Әр қойылымның арасына 2 жарым ай ғана беріледі. Осыны көрген французлық суретші Франка Скуарчапино «біз мұндай пачканы алты айда тігеміз. Өз көзіме өзім сенбеймін, аз уақытта қалай бітіресіздер?» деп таңғалған. Пачка дегеніміз — бір жиынтық. Оның ішінде 5-6 нәрсе кіреді. Жейде, пиджак, кеудеше, галстук, шалбардан басталып кете береді. Ең азы — 150-170 адамға тігілген пачка. Ал костюм көп тігілген қойылым — «Қыз Жібек». Ондағы жиынтық 256 адамға арналды. Қойылымға киімді тігіп болған соң 3-4 күндей демалып, келесіге көшеміз. Себебі қыздарымыз жиынтықты бітіруге бір-екі күн қалғанда екінші қойылымның матасын алып, реттеп қоюмын. Міне, осындай тынымсыз тіршілік.

— Күні-түнімен тігіп дайындаған киімді аяқасты қойылым барысында өзгертіп жататын кез бола ма?

— Басымыздан талай қызықты дүние өтті. Әсіресе, балетте жиі кездеседі. Күнбе-күн дайындықтың арасында бишілердің бірі аяғын, не қолын жарақаттап, сахнаға шықпай қалады. Кейде тіпті қоюшы-режиссердің өзі спектакль басталғалы тұрған жерде сахнаға басқа бишіні шығарып жібереді. Ал оның өлшемі мүлдем басқа, сол сәтте костюмді қайта жасап, жанталасып кетеміз. Осындайда бізді сақтайтын — «бір женнен қол, бір жағадан бас шығара» білуіміз.

— Біздің ғана емес, шетелден келген танымал жұлдыздарға да киім тігесіздер. Өнер адамдары кірпіз болып, сіздерге тәкаппарлық танытпай ма?

— Бұрын өзім де әртістер өрөккірек, тәкаппар деп ойлайтынмын. Бірақ қателесіппін. Ішінде жүріп, олардың да көңілге қарайтын, кішіпейіл жандар екенін түсіндім. Мысалы, Майра Мұхаммедқызы «қыздар, сәл белімді шығарсандар, жақсы болар еді» жымиып қана ескертеді. Ал саған жылы сөйлеп, ізеттілік таныған жанға киімді он сөгіп, он рет тігуге де дайынсың. Егер бетіңнен алып, менсіңбей тұрған жанға қолың жүрмейді, киім де шықпайды.



БАҚЫЛАУШЫДАН БАСТАЛҒАН КЫЗМЕТ

— Бүгінде білдей бір Астана Опера театрындағы тігін цехының меңгерушісісіз. Бұған қалай жеттіңіз?

— Әуелде 4 жылдай «закрошик» болып бастадым. Оған дейін 2 жылдай Күләш Бәйсейітова атындағы театрда жұмыс атқарған. Сол кезде Дүйсен Нұркенұлы «казір бәрі демалыста, қырқүйектің 20-сында келеді. Сол уақытқа кел, бірақ сені тігін цехына ала алмаймын. Бақылаушы боласың, айлығы аз — 36 мың теңге» деді. Бар ойым — мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер алып алу. Қырысқ қылғанда құжатты тапсырып, жұмысқа кіргенімде бағдарламаны жауып тастады. Сөйтіп, баспанасыз қалдым. Бірақ оған өкінбедім. Себебі бала кезімде әкем (Нұрмаханбет Сатыбалдыұлы) — Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз) Түлкібас ауданы

Мақталы су селосында «Мақталы халық театрының» ашылуына бірден-бір себепкер болып, кірпішін қаласқан. Соған қарап, әкем менің осындай жерде істегенімді қалаған ғой деген ой ойымнан кетпеді. Театрға сондықтан орналасқым келді. Алайда Астанаға көшіп келген жылы Қазақ драма театрында орын болмады. Газеттен «Комодо» деген ательеге тігінші іздеп жатқанын көріп, соған бардым. Сол кезде тігіншілік маңдайыма жазылған-ау деп түйдім. Кейіннен жалақым да, қызметім де өскен. Дегенмен тапқан-таянғаным пәтеракыға кетіп жатты. Ал театрға орналасса, мемлекеттік бағдарламаға іліге алатынын естідім. Бірақ ойым жүзеге аспағанға еш өкінбедім. Керісінше, әкемнің аманатына қиянат жасамағанымға қуандым. Таңертең 6-да тұрып, жиенімді қарау үшін қызыма барамын. Театрдағы жұмысым түстен кейін басталады. Ал түнде тапсырыстарды бітіремін. Кейіннен тігін цехында орын шығып, ауысқаным бар.

— Киімді тігуге деген қызығушылығыңыз қай кезден басталды?

— Өзіміз 13 ағайындымыз, мен — алтыншысымын. Балалардың ішіндегі егі тірісі, шапшаңы едім. Нағашы ата-әжемнің балалары өсіп-өніп, қалаға кеткен. Оларға қарайласып, жұмсауына

фамын. Сөйтіп, көйлекті өзгертіп алатынымын. Кешкісін аулада жұмыс істеп жүргенде нағашы атам көйлегімді байқап қалады. «Шолттып не киігің қойғаның, матаны үлкен етіп бермейсің бе, ұзындау көйлек неге киігізбегенсің?» деп әжеме сөйлейді. Әжем болса ақталып, артынан «қып-қысқа етіп тігіп бергенің не?» деп анама ұрсады. Ал көйлекті өзім өзгертіп алатынымды ешкім білмей қалатын. Осының бәрін 5-6-сынып оқып жүргенде істеген едім.

ТІГІНШІЛІК —

ҚАНМЕН КЕЛЕТІН ҚАСИЕТ

— Тігін тігуі қай кезден үйрендіңіз? Тігінші боламын деп ойладыңыз ба?

— Тігіншілік қанмен келген қасиет десе болады. Себебі тігіншілік әкемнің де, шешемнің де қолынан келеді. Солардың арқасында қиммен кенде болмадық. Тіпті, әкем «аяқтарың терлемейді» деп, жапондардікі секілді табанын ағаштан ойып, қайыстан аяқкіім тігіп беретін. Негізі, әкем өте балажан адам еді. Мамандығы — қазақ тілі және әдебиет мұғалімі. 6-сынып оқып жүргенімде қызғалдақ биін билейтін болдық. Әрқайсысы қызыл, сары мата алып алған, бірақ көйлек жоқ. Енді не істейміз деп тұрғанда, әкем ап-сәтте көйлек тігіп бергені бар. Өзі мектеп директоры болса да, мектепте өтетін шараның бәріне атсалысып жүретін.

Бір кездері әкем мені Қызылордадағы музыкалық училищеге апармақ болған. Балалықпен бармадым. Тіпті, 7-сыныпта жіберген Шымкенттегі интернаттан бір жыл оқып, қайтып келдім. Өйткені біз интернаттан шықпаймыз, сабақтан босайтын едік. Содан ауылда қалғым келді. «Іздегенге — сұраған» демекші, аяқасты соқыршек болып қалдым. Операциядан кейін «әр сабақты әр қабатқа жүгіріп жүріп оқимыз. Төрт қабатты ғимаратқа кешке дейін мың кіріп, мың шығамыз. Отадан кейін тігісі ашылып кетпей ме?» деп әжемді айналдырдым. Сөйтіп, әжем мені жібермей алып қалды. Ауылдағы мектебіміз он жылдық емес, сегіз жылдық болғандықтан, Киров колхозына барып оқыдық. Бес шақырымдай жер жаяулатып, кейде автобуспен барамыз. Топырлап жүргенді қызық көрдік. Кейін оқуға түсе алмай қалғанда әкемнің ақылын тыңдауым керек еді деп өкіндім.

— Сонымен, оқуға тапсырмадыңыз ба?

— Табиғатымнан айтқаныман қайтпайтын бірбеткей адаммын. Біреудің айтқанына да құлақ аспаймын. Ағамның «оқуды не қыласың, тұрмысқа шық» дегеніне көнбедім. Бар арным — оқуға түсу. Бастапқыда әжем «мұғалім бол» деген соң екі жыл педагогикалық институтқа тапсырып, түсе алмадым. Артынан «Восход» фабрикасына жұмысқа тұрып, 4 жылдай істеп, цех басқарушысы болдым. Сол кезде жемем «Восходтың» училищесіне барсаңшы, тігіншілерді дайындайды. Қолыңнан тігін келеді ғой» деген соң соған тапсырып, оқуға түсіп кеттім. Диплом жұмысымды орысша жазсам да, қазақша қорғалдым. Ал үшінші курста павлодарлық жігітпен танысып, тұрмысқа шықтым. Қолға диплом тиген соң Павлодарға көштік. Тұрмыстық комбинатта біраз жұмыс істедім. Артынан Астанаға көшіп кеттік.

Қазір екі қыз, бір ұлым бар. Үлкен қызым өзімнен бірге осы театрда істейді, маман. Екіншісі «Шабатты» бітіріп, Президент оркестрінде жұмыс істейді. Ұлым бағдарламашы, қазір өз кәсібімен айналысады. Аллаға мың алғыс, немере сүйіп отырған жайымыз бар.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Анар ҚОНЫС

Балалардың

Жаз мезгілінде балаларда бос уақыт көп. Сондықтан асыр салып, аулаға сыймайтын ойын балалары суға шомылуға әуес. Әсіресе, жазғы демалыс уақытында олардың белсенділігі артады. Қызық құған балалардың көпшілігі қауіптің қайдан келерін естен шығаратыны да түсінікті. Ал оның соңы жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін. Салдарынан жазғы кезеңдегі балаларға қатысты жазатайым оқиғалар қатарына су айдындарындағы оқиғалар қатарына да кіреді.

Сол үшін жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында Батыс Қазақстан облыстық Төтенше жағдайлар департаменті жергілікті атқарушы орган және басқа қузыретті мекемелермен бірлесіп жыл сайын іс-шаралар кешенін тұрақты жүргізеді. Биыл да балалардың қауіпсіздігі басты назарға алынып отыр. Жазда балалар көбіне ересектердің қарауынсыз қалып, су айдындарына, әдетте қайғылы оқиғалар болатын жабдықталмаған жерлерге шомылады. Су айдындарында балалардың қауіпсіздік мәселесі ерекше алаңдаушылық туғырады. Мәселен, соңғы 5 жылда облыс бойынша 102 адам суға батып кеткен. Оның ішінде 28-і бала. Былтыр да шомылу маусымында суға батып кеткен 15 адамның 6-ы көмелетке топпаған. Өңірдегі Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының айтуынша, су айдындарындағы адам өліміне тыйым салынған және жабдықталмаған жерлерде,

беретін мектебінің 8-сынып оқушысын құтқарған.

Ол достарымен ойнап жүріп суға түсіп кетіп, ағаш бұтағына ілініп қалған. Оны өтіп бара жатқан адам көріп, құтқарушыларды оқиға орнына шақырған көрінеді.

ҚАУІПСІЗДІГІ

мас күйінде шомылу, жүзе алмай мен балаларды қараусыз қалдыру жиі себеп болып жатады екен. «Балалардың өмірі мен денсаулығына ересектер жауап береді. Ең алдымен біз, ата-аналар жазғы кезеңде балаларға қауіпсіз жағдай жасауымыз керек. Ата-аналар ең бірінші кезекте баланы қараусыз қалдырмауды қаперде ұстағаны дұрыс. Ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында департамент үзбелі түбіртегі бар жадынама әзірлеп, ата-аналарға қол қойғызып, тапсырады», — дейді департамент қызметкерлері.

Бүгінде су айдындарының қауіпті, шомылу үшін жабдықталмаған учаскелерінде 303 тыйым салу белгісі мен 77 ақпараттық стенд орнатылған.

Былтыр қыркүйек пен биыл 28 наурыз аралығында облыс бойынша 4 076 бала жүзуге оқытылған. Соның ішінде тегін бассейндерде — 1 406, ақылы бассейндерде 2 670 бала жүзудің қыр-сырын меңгеріпті. Сондай-ақ облыстың 556 білім беру мекемесінде су айдындарындағы қауіпсіздік бұрыштары құрылды. Ал шомылу кезеңіндегі төтенше жағдайларға ден қою үшін БҚО Төтенше жағдайлар департаменті 70 құтқарушыны, 20 жүзу құралы және патрульдер үшін 12 автокөлікті дайындады. Одан басқа департаменттің жедел-құтқару жасағының құтқарушылары наурыз айында 1 баланы, Орал қаласының орта білім

басты назарда



Биыл наурызда Орал қаласы Жеңіс алаңы ауданының «Стелла» монументінің жанында тайып, суға түсіп кетіп, артына ағаш бұтағына ілініп қалған жасөспірімге дер кезінде көмек көрсетіліп, ажалдан аман қалды.

Биыл да жазғы кезеңде рейдтік іс-шараларды өткізу және халықты үгіттеу үшін облыстың Төтенше жағдайлар департаменті, жергілікті атқарушы орган, полиция және көлікті бақылау инспекциясы жеке құрамының 400-ден астам адамы жұмылдырылатын болады. Сондай-ақ еріктілерді тарту жоспарлануда. Облыс әкімінің өкімімен «Облыс су айдындарында төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары»

үшін демалыс ережелерінде қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы естен шығармаған абзал. Ал жазатайым жағдайды болдырмау үшін тыйым салынған жерлерге бармау керек. Мәселен, «Суға түсуге тыйым салынады» деген белгілер орнатылған жерлерде шомылуға, жүзудің шекарасын белгілейтін қалқыбелгілерден кейін жүзуге, шағын көлемді кемелерге және басқа да жүзу құралдарына жүзуге, суға қайықтардан, катерлерден, аяқтардан, жағажайлардан, табиғи құралымдардан, сондай-ақ осы мақсаттарға бейімделмеген құрылыстардан секіруге болмайды. Сонымен бірге жалған дабыл айқайларын беруге, мас және есірткі белгісі бар күйінде суға шомылуға, тексерілмеген және жабдықталмаған жерлерде сүңгуге, жүзуге арналмаған заттармен жүзуге және балаларға ересектерсіз суға кіруге жол берілмейді. Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын сақтаудың маңыздылығын айтқан мамандар төтенше жағдайға тап болғандарға 112 нөміріне хабарласу қажетін де қаперде салады. Сондай-ақ су айдындарында қауіпсіздік ережелерін бұзып, талапты орындалмаған демалушыларға жауапкершілік те қаралуы мүмкін. Мәселен, ескерту белгілері мен суда жүзу ережелерін орындамағандарға Құқықбұзушылық әкімшілігі кодексінің 412-бабына сәйкес жеке тұлғаларға 24 150 теңге мөлшерінде айыппұл салынады.

Жаздағы демалыс аймақ басшысы Н.Төреғалиевтің жіті назарында. Өңір басшысы бұл мәселеге ерекше мән беріп, биылғы жылдың сәуір айында өткен жедел штаб отырысында барлық қажетті құрылымға судағы қауіпсіздік шараларын күшейту бойынша тапсырма берді.

Ж.АСҚАРБЕК

Газет ақтарып оқып отырмын. Ұзақ жыл қазақ баспа-сөзінде қызмет еткен азаматтың мамандық дерті. Міне, AIQYN газеті. «Сұлтанмахмұттың алғашқы биографы» (№44, 20 сәуір 2023 ж.) аталатын мақалаға көзім түседі. Мақала авторы Мөлдір Төлөпбай. Ұлтық академиялық кітапхана қызметкері. Төп-төуір мақала. Асылында, былтырлы-биыл «Алаш ұранын» жазған Сұлтанмахмұттай ұлы ақынның туғанына 125 жыл толып отыр. «Былырлы-биылы» несі? С.Торайғырұлының өлген жылы нақты болғанымен, туған жылы жайында әдеби, ғылыми ортада аздаған пікір ауытқушылығы бар. Ондай-ондай бола береді. Мөлдірдің мақаласына байланысты асау жүректі ақын ататегі, өмірі, әдеби мұрасының жиналуы жайында мөңде бірсыпыра материал бар көп жылдан жинақталған. Әрине, оның қай-қайсысы да Сұлтанмахмұт атын да, затын да саяи қуғын-сүргіннен жанпида жүріп, аман алып қалған профессор Бейсембай Кенжебайұлы есімімен ебден байланысты. Бір шаңырақтың астында 10 жылдай бірге тұрып, баласына айналып күн көшкен кезімде аяулы ұстаз, әкедей әзіз адамнан бар әңгімесін қағазға түсіріп жазып ала беретінмін. Міне, тағы да күнде-лігіме көз тігемін жамла-жан.

...Карт профессор архивінен бір көне фото суретті алып, көзін сыксита қарап, көзілдірігін түзеп қойып әңгіме сабақтады.


Ана жылы Сұлтанмахмұттың мұрасын іздеп әрі жатқан жеріне барып, тағзым етейін деген оймен Баянауылға бардым. Көнекөз қариялармен, Сұлтанмахмұтты көрген, білген жандармен сөйлестім. Досы, туысы Шәйбай Аймановпен ертеден таныс-біліспін. Кейбір өлеңдерін Шәйбай атынан жариялатқаны да бар Сұлтанмахмұттың. Шәйбай соғысқа байланысты, Сталиннің сенімсіздік білдіруіне байланысты ығысып келіп, казак арасында тұрған қарашай қызына үйленген ғой. Ол бүгінде Қап тауында қарашай зиратында мәңгілікке дамылдап жатыр.

Карт профессор ойына әлдене түскендей бір күрсініп салып, аздап дамылдады. Осы сәтті пайдаланып, Шәйбаймен туыс, ұлы режиссер Шәкен Айманов, Кәукен Кенжетасқа мектеп партасында отырған оқушы сәтінде сабақ берген Әйткен Аймановпен орайын тауып әңгімелескенімді айтып, әңгімені әрі қарай сабақтауын қаладым.

«Ә, Әйткен бе? Ол да мен жолыққан кісі. Әңгімешіл адам. Сұлтанмахмұттың арғы тегі жайынан әңгіме айтып беріп еді» деп тағы тоқтады карт ғалым.

Арғы тегінен маған да әңгіме тиегін ағытты Әйткен қария. Шынында Сұлтанмахмұт бала кезінде қой аузынан шөп алмайтын жуас бала болыпты ғой. Бірде достары «Махмұд, өгіз бұзаулады...» десе соған иланып, көрмек үшін далаға жүгіріп шығыпты. Ал өлеңіне қарасан, нағыз асау жүректі ақын. Тіпті, сіздің бір әңгіменізге қарағанда Алаштың көсемі атанған Әлихан Бөкейхан бетіне келгені де бар. Сонда осы мінез қайдан? Асылында, Сұлтанмахмұттың әр өлеңі, бар өлеңі шатырлаған мінез қайшылығынан тұрады емес пе?!

Асау жүректі АҚЫННЫҢ АМАНЫ



Сұлтанмахмұттың немере інісі «Тентек Шаймерден» атанған кісі. Ауылда бірсыпыра уақыт мұғалім болған. Тентек Шаймерден, Екінші дүниежүзілік соғысы жылдары болса керек, костанайлық Жәния есімді ақынмен айтысқа түседі. Айтысқа түсер алдында екі ақын бірін-бірі едәуір зерттеп алады. Ауылы аралас, қойы қоралас жатқан ел ғой тегінде. Күн келіп айттыс басталып кетеді. Шаймерден жай отырмай, қарсыласына «мұрның қағаз мұрын, казактікіне келмейді», — деп өлеңдетеді. Бұл оның тегін ишаралағаны екен.

Жәния сөзден қайтсын ба? «Танауымының татарға ұқсайтыны рас. Шешем — татар қызы. Бірақ сендердің ұлы апаларыңдай өз аяғымен келмеген. Ит те болса әкем барып алып келген», — дейді. Сөйтсе, Жәния тентек Шаймерденмен айтысарда оның түп-түқияның түгел сұрастырып біліп алыпты. Ишаралап отырғаны — Шаймерденнің ұлы шешесі, Сұл-



Жәяйынан

“Сұлтанмахмұт атын да, затын да саяи қуғын-сүргіннен жанпида жүріп, аман алып қалған профессор Бейсембай Кенжебайұлы есімімен ебден байланысты. Бір шаңырақтың астында 10 жылдай бірге тұрып, баласына айналған күн кешкен кезімде аяулы ұстаз, әкедей әзіз адамнан бар әңгімесін қағазға түсіріп жазып ала беретінмін.

танмахмұттың әжесі — Мәлике деген кісінің «өз аяғымен» келгендігі екен. Ол жөнінде ел аузында бірталай әңгіме бар деседі.

Шоң, Шорман — би ауылы, бай ауылы. Торайғыр — олардың немере, шөбере жақын туысы. Сөз ұс-тайтын тілді, қу орта дәулеттің адамы. Айналасына билік айтатын ақылды кісі. Содан да «Торайғыр би» аты қалған тарихта. Билер институты деген мәселені сендер біле бермейсіңдер. Ол Алтын ордадан өрден басталып, бері қарай сабақталып келе жатқан бір токтам

жүйесі еді ғой. Түқиянымен құрттық қой, құртты ғой Совет өкіметі... Қарт ғалымның көзі шапыраштанып барып, әңгімесін мұндайып аяқтады. Сөл мүдіріп әңгімесін әрі қарай жалғады.

Бір күні Шоң ауылының жылқысын көрші бір байдың жылқышылары (барымташылары) барымталап кетеді. Малын даулап Шоң мен Торайғыр көрші байдың ауылына келеді. Қонақасы беріледі. Жатарла бойжеткен қызының отауына енгізіп, кісілерге жерге төсек салып береді. Қыз болысқей

керуеетте жатады. Қазақтың бар ауылы, бай ауылы салтанатты тұрған ғой тұрмыста. Шоң төсекте жайдақтау салғанына, жерге салғанына намыстанды. Бәлекет болып қалған қыздың қастарында, қол созым жерде жатқанын көре, біле тұра еркек шіркін қайдан шыдасын?! Бірін-бірі түртпеседі. Ақыры, Торайғыр барып бәлекей қыз көрпесін ашады.

Кыз: — Ата жолы ғой. Бірақ аяқ жақтан келіңіз, — дейді.

Торайғыр аяқ жағынан бара бергенде қыз қайқайтып тұрып бір тебеді. Торайғырдың беті болысқей керуееттің аяғына тиіп дал болады. Мал даулайтын жағдай қайда енді? Маскара болған екеуі ертелеп зытып отырады. Сонда Шоң ауылына қайтады да, Торайғыр сол ауылда қалып қояды. Торайғыр: — Елге баратын, кісіге көрінетін бетім жоқ, — дейді.

Сөйтеді де ауылда елеусіз кісі болып қалып, Мәликемен жайын зерттейді. Айттырған жері кім, қайтсе қыздан есе қайтарады? Бақса, Мәлике айттырған жер бір терезесі теңдес байдың баласы екен. Айттырған. Бірақ қызды әлі көрмеген. Ұрын келмеген. Торайғыр енді сол байдың ауылына тартады. Барады. Бай баласымен дос болады. Төрт айда ғұмыр бойы бірге өскендей қалыпқа, тығыз сыйластыққа келеді. Сол өңірге тұтас мәншүр екі бөйге аты бар екен, соны екеуі жарыса жараса мініп жүреді. Бір күні Торайғыр қайтатын рай танытады. Қайтар сәтінде бай баласы қалауын сұрайды. Торайғыр Көкқасқаны қолқалайды. Бай баласы мәрттіктен беріп жібереді...

Көкқасқаны қолына түсірген Торайғыр түпкілікті мақсатына көшеді.

Партып отырып Мәлике ауылына (Бай ауылына) келеді. Өзі білетін Мәлике отауына түседі. «Қоянды жәрменкесіне бара жатыр едім. Жол-жөнекей «ұрын» келген бетім», — дейді. Атастырылған қыз — маастырылған қыз. Дегеніне көнеді.

Сырласқанда қыз Торайғырдың маскара болған қылығын әңгімелейді.

Сөйтсе, Торайғыр айтады дейді:

— Торайғыр қу еді ғой. Ол қалай арандап қалды екен? — деп.

Ұпайын түгендеген Торайғыр жылы хоштасып, ауылына тартады. Қоянды жәрменкесіне қарай кетпей, басқа бағытқа кеткен «күйеуден» күдік алған анасы қызынан күйеудің сын-сипатын сұрайды. Қызы білгенінше тәтіштеп айтады. Анасы күйеу баласына ұқсата алмайды. Бір кәкірдің Шоң ауылынан келгенін біледі.

Қызына:

— Кіммен қарайсан, сонымен ағар. Бар, байынды тауып ал! — дейді ана байғұс. Алуынды кісі болса керек. Еркекше киінген «еркекшора» қыз бозбаланың ізінен қуа шығады. Көкқасқа Шоң ауылына келеді. Мәлике «жігіт» те келеді сонымен. Аз күн сол ауылда «жігіт» болып жүреді.

Бір күні Шоң ауылы ұлан-асыр той жасайды. Балуан күрестіреді, ат шаптырады. Балуан күресіне жігіт болып түскен Мәлике жан шыдатпайды. Бас бәйгені жеңіп алады. Ат бәйгесінде Торайғырдың Көкқасқасы бірінші келе жатады. Мәлике аттың алдын тосып тұрады. Торайғырдың Көкқасқасы кермеге жақындай бергенде, Мәлике алдынан шығады да ат үстіндегі Торайғырды ерден жұлып алады. Ат жайына кетеді. Көкқасқа бірінші келеді деп күтіп отырған Шоң мына құбылысқа таң-тамаша қалады. Мән-жайын білмекке кісі шаптырады.

Мәлике: — Дат, — деп алдына қамшысын тастайды. Бөріктің ішіне жасырған шашын төгілдіріп жібереді. Кеткен ессені даулап жүргенін айтады.

Шоң мән-жайды жедел түсініп, Торайғыр мен Мәлике қосып, тойды тойға ұластырады. Екі жас бақытқа кенеледі.

Шаймерденмен айтысқан Жәния ақынның астарлап айтқаны осы екен...

Бұл — ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғырдың арғы атасы мен әжесі жайындағы әңгіме.

Қарт ғалым «әңгіме тәмәм» дегендей, естіген, білгенін маған жеткізіп, жәй тыныстап отыр. Мәнің «тамағым жыбырлады». Сонда Шоқпыт атанған Әубәкір Торайғырдай би мен Мәликедей алуын анадан туған ба?

— Е, шырағым, — деді әкедей әзіз Бейсекең, — Жақсыдан жаман да туады, жаманнан жақсы да туады-ау. Аңызға айналған екі жақсыдан «Шоқпыт» аталған Әубәкір есімді нашар, момын адам туған. Ол — Сұлтанмахмұттың әжесі. Бірақ өткір әже, өжет ана қадірқасиеті әкені аттап немереге өткен. Сұлтанмахмұт — өткір ақын. Сұлтанмахмұттай өткір ақын, өжет жан бар ма екен, сірә?!

Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлына бар саналы ғұмырын арнап, тынбай зерттеп, кеңестік қытмыр жүйеден табандап тұрып қорғап өткен карт ғалым Бейсембай Кенжебайұлымен арадағы әңгіме 1985 жылы наурыздың 19-ы күні болып еді.

Құлбек ЕРГӨБЕК,
жасаушы

Суреттерде: Сұлтанмахмұттың бұрынғы зираты. Зиратының басында сұлтанмахмұттанушы профессор Бейсембай Кенжебайұлы. 1950-ші жылдар. Баянауыл

ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып Мереке Құлқенов сайланды.



Алматы қаласындағы Абай атындағы Опера және балет театрында Қазақстан жазушыларының кезекті XVI құрылтайы өтті. Бес жылда бір рет өтетін жиында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі жиналғандарға Президенттің құттықтауын жеткізді. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Ұлықбек Есдәулет бес жылда атқарылған жұмыстар жөнінде есептік баяндама жасады. Сондай-ақ ол өзінің 15 елдің қаламгерлері мүше ретінде кірген Түркі дүниесі жазушылар одағының төрағасы болып сайлануына байланысты қызметінен кететінін мәлімдеді. Жиында сондай-ақ Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, жазушылар Дулат Исабеков, Кәдірбек Сегізбаев, ақын-драматург Иранбек Оразбаев, Мәжіліс депутаты, ақын Қазыбек Иса және басқалар сөз алып, әдебиеттің толғағы мәселелеріне тоқталды. Құрылтайдан кейін басқарма жиынында жазушы, Қазақстанның

еңбек сіңірген қайраткері Мереке Құлқенов Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасы болып сайланды. Мереке Әблешұлы 1951 жылы 8 қарашада Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау ауылында туған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алматы қалалық мәслихатының депутаты. Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты.

С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) журналистика факультетін бітірген (1978). Бірнеше кітаптың авторы. Солардың бірі — Рахымжан Отарбаевпен бірлесіп жазған «Бас» драмасы үшін Мәдениет министрлігі жариялаған «Байтерек» республикалық байқауында екінші жүлдеге ие болды (2004 ж.).

1970 жылы әскери борышын өтеп келгеннен кейін 1971-1973 жылдары Қазақстан Компартия-

сы Орталық комитетінің газет-журнал баспасы баспаханасында баспагердің көмекшісі болды. Университетті бітірген соң бұқаралық ақпарат құралдарында «Қазақстан пионері» газеті, Қазақстан телеарнасы, «Пионер» журналы, «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі, 1993-1997 жылдар аралығында «Жалын» республикалық қоғамдық-әдеби журналының бас редакторы,

1997 жылдан бері «Ана тілі» республикалық газетінің, 2000 жылдан осы уақытқа дейін «Тан-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы,

1991 жылдан қазіргі күнге дейін «Өлке» баспасының бас директоры болып еңбек етіп келеді. Сондай-ақ «Жұлдыз» журналының бас редакторы қызметін қоса атқарады.

«Құрмет» орденімен, ұлттық журналистік «Алтын жұлдыз» сыйлығымен және тағы да басқа бірнеше медальдармен марапатталған.



Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада француз фотографы Жан-Марк Годестің «Жанды кітаптар» атты фотосуреттер көрмесі өтіп жатыр. Өз шығармашылығы арқылы өмір мен кітап арасындағы қияли қарым-қатынастың поэтикалық көрінісін жеткізгісі келетін фотограф бұл іспен 12 жылдан бері айналысып келеді. Өзін фотографтан гөрі әңгімеші ретінде таныстырғысы келетін оның әрбір жұмысы расында әлдебір таңғажайып хикаяны баяндап тұрғандай...

Жан-Марк ГОДЕС,
фотограф:

Кітаптардан

ӘКЕМДІ

іздедім...



— Кітаптарды фотосуреттеріңіздің негізгі фигурасы етіп алу идеясы қалай пайда болды?

— Бұл идея маған Реюнион аралында тұрғанымда келген еді. Кітаптардан да бұрын, жай объектілерден композиция құрастыруды үйреніп жүрдім. Заттар мен табиғат арасында өзара әрекеттестіктің негізгі формаларын жасадым. Осылайша, бірсәттік қойылым құрастырып, ең аяғында соны суретке түсіретінмін. Мен өз тілімді іздедім. Бұл кезде кітап менің шығармашылық әлеміме әлі енген еді. 2004 жылдан 2006 жылға дейін, екі жыл бойы мен осындай зерттеумен ынты-шынтаммен айналыстым, мен мұны «поэзияның образын зерттеу» деп атаған болар едім. Бұл іске көзсіз кірістім. Ол бірте-бірте жеміс бере бастады. Мұншалықты тереңдеймін деген ой үш ұйықтасам да басыма келмеген еді.

Менің әкем жазушы болатын. Көп кітабы шықпаған, бірақ ол күнде кешкісін, тіпті түні бойы жазу машинкасынан бас алмастан жұмыс істейтін. Оны жиі көрмейтінмін. Ол қағаз бен жазусыз өмір сүре алмайтын. Ол дүние салғанда мен әлі жас едім. Енді мен кітаптардан мән, бағдар, дос және әкемнің бір бөлшегін іздей бастадым...

Бастапқыда кітаптарды түрлі композицияда қойып, адамдарды кіріктірместен, суретке түсірдім. Одан соң жануарларды қостым. Бразилияда тұрған шағым мен үшін аумалы-төкпелі кезең болған еді, сол кездері қойылымға айналамдағы адамдарды шақырдым. Уақыт өте келе бойымдағы ұялшақтықты жеңіп, өзімді еркін сезіне бастадым, енді мен қойылым қатысушыларына

жетекшілік етіп, бағыт-бағдар беруге көштім. Бүгінде мен өзімнің жұмыстарым арқылы біздің кітаппен шынайы өміріміз бен қиялымыздағы байланысты салыстыра отырып, тіршілік калейдоскопын көрсетемін.

— Жұмысыңызды дайындауға қалай кірісесіз? Шығармашылық процесті басынан аяғына дейін айтып беріңізші.

— Шығармашылық процесс үш негізгі кадамнан тұрады. Ең әуелгісі — жобаның дизайны. Яғни мен қиялымдағы көріністің суретін қағазға түсіріп аламын. Одан кейін

орын іздеймін, көрініске қатысатын адамдар мен жануарларды табамын, қажет болған жағдайда декорация, грим, киім ауыстыру, жарық қою сияқты жұмыстарды пысықтаймын, сөйтіп, суретке түсіремін. Процестің ең соңғы кезеңінде арнайы кәсіби бағдарлама арқылы фотосуретті сублимациялаймын.

Менің фотосуреттерім дәл кинода қолданылатын принциптер мен техникалар арқылы (дыбыстан басқа) өмірге келеді. Мен аудиовизуалды технологиялар бойынша екі тренингтен өттім, оның бірі INA, яғни Ұлттық

аудиовизуалды технологиялар институтында болған еді. Көріністер студияда немесе табиғат аясында әзірленеді. Жаным жарық беру, инсталляциялар қауіпсіздігі және басқа да қажеттіліктер бойынша жауапты техникалық мамандарды аламын. Көріністерге алдын-ала репетиция жасаймыз. Одан соң суретке түсіремін. Мен көріністе хикаяның барлық элементі болғанына мән беремін. Француз



қолайлы тоғанды таптым, бұл орайда мен суреттің шеңберін анықтау үшін күн сәулесінің осін ескердім. Одан соң су астындағы ылдиды есепке ала отырып, арнайы тапсырыспен жасалған ПВХ тұрбалардан тұғыр дайындадым. Барлығын түнде орнатып, таң атқанда суретке түсірдім.

— Шығармашылықта нені басшылыққа аласыз? Көрерменге нені жеткізгіңіз келеді?

— Ғасырлар бойы кітап бүкіл әлемде мәдениет пен білімді

режиссері Мари-Жорж Жан Мельестің фильмдеріндегідей, түсірілім кезінде бәрі де қолда болуы керек. Менде түсірілген суретті өңдеу немесе өзгертуге ешқандай қажеттілік жоқ. Менің суреттерім RAW форматында түсіріледі. Өңдеу процесінде мен тек колориметрия және контрасттарымен жұмыс істеймін.

— Бүгінге дейін қанша фото түсірдіңіз? Солардың ішінде тарихи, қойылым ерекше қызық болғандарын атаңызшы.

— Бүгінге дейін мен мыңнан аса жобамен жұмыс істедім, оның шамамен 207-сі портфолиома сақталыпты. Мына су бетіндегі кітаптар бейнеленген фотосуретке қараңызшы. Мұны да суретке түсірмес бұрын қағаз бетіне эскизін сызып алдым. Бұл сурет Квебектегі көрменнің афишасы болған еді. Көріністі қоюға лайықты орын белгілеуде және кітаптардың астына қоятын жеңіл әрі ыңғайлы тұғырлар жасауда қиындықтарға кезіктім. Әуелі айналаны шолып шығып,

жеткізудің басты құралы болып келді. Адам мен қағаз арасындағы физикалық, тактильді, эмоциялық және сентиментальді қарым-қатынас мен үшін аса құнды. Кітап оңашада саған барлық сырды ашады. Кітаптың қуаты мықты, терең, баға жетпес. Кітапта автордың өзінің және өмірінің бір бөлшегі бар. Біз кітап оқығанда, қайда екенімізді ұмытып, автор әңгімелеп отырған әлемге топ ете түсеміз. Мен өз фотосуреттерім арқылы оқырман қиялындағы



PHOTOLIVRE
Jean Marc GODES



таңғажайып әлемді көрсеткім келеді.

Мені кітаппен қатар музыка, поэзия, бейнелеу өнері, кино, этнография, жай ғана табиғатты тамашалау керемет шабыттандырады. Мен үшін ең маңыздысы — сезім, оны мен өз суреттерім арқылы жеткізуге тырысып келемін. Айтар хикаямы түрлендіру үшін кейде қоянды, ұлуды, тышқанды, жыланды пайдалана отырып, кішкентай әлемнің масштабын ұлғайтамын. Ал өз суреттерімде эмоцияларды жеткізуге маған қозғалыстар, формалар, рельефтер, түстер көмектеседі.

— Әңгімеңізге рақмет!

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ



Бүгінде әлемдегі 8 млрд адамның 4,9 миллиарды, яғни 61 пайызы әлеуметтік желіні қолданатынын білесіз бе? Желілердің ішіндегі ең танымалы Facebook болып тұр, оның қолданушыларының саны – 2,95 млрд адам. Одан кейінгі орындарда – Youtube пен Whatsapp, бұлардың әрқайсысын 2 млрд-тан астам адам қолданады.

ЖАҢАҢДЫ ЖАУЛАҒАН ЖЕЛІЛЕР



Statista ұйымының мәліметінше, 2027 жылға қарай әлемдегі әлеуметтік желі қолданушыларының саны 5,85 млрд адамға жетуі мүмкін.

Қазіргі күні Facebook – қолданушыларының саны жөнінен ең үлкен әлеуметтік желі. Оны 2,958 млрд адам қолданады. Одан кейінгі орындарда – Youtube (2,5 млрд адам) пен Whatsapp (2 млрд адам).

Әлеуметтік желі	Қолданушылар саны
Facebook	2.95 млрд
Youtube	2.56 млрд
Whatsapp	2 млрд
Instagram	1.5 млрд
WeChat	1.26 млрд
TikTok	1.2 млрд
Facebook Messenger	988 млн
Douyin	600 млн
QQ	574 млн
Sina Weibo	573 млн
Kuaishou	573 млн
Snapchat	557 млн
Telegram	550 млн
Pinterest	444 млн
Twitter	436 млн
Reddit	430 млн
Quora	300 млн

Әлемдегі барлық әлеуметтік желі қолданушыларының ең көбі, яғни 26 пайызы Шығыс Азиядан екен. Ал юзер саны жөнінен бірінші орында – Қытай (1 млрд 2 млн адам), екінші орында – Үндістан (755 млн адам), үшінші орында АҚШ (302 млн адам) келеді.

Мемлекет атауы	Желі қолданушыларының саны
Қытай	1,021 млрд
Үндістан	755.47 млн
АҚШ	302.25 млн
Индонезия	217.53 млн
Бразилия	165.45 млн
Ресей	115.05 млн
Жапония	101.98 млн
Мексика	98.21 млн
Филиппин аралдары	84.07 млн
Вьетнам	72.29 млн
Түркия	67.11 млн
Ұлыбритания	61.11 млн
...	
Қазақстан	11.85 млн

Орташа есеппен адамдар күніне 2 сағат 35 минутын әлеуметтік желіде өткізеді.

Әлеуметтік желілердің ішінде ең қарқынды дамып келе жатқаны – TikTok, соңғы екі жылда АҚШ-та оның қолданушыларының саны 2 еседен астам – 105 пайызға өскен.

Мемлекет	Әлеуметтік желі
Қытай	WeChat (81.6%), Douyin (72.3%), QQ (61.6%), Baidu Tieba (57.6%), Xiaohongshu (49.5%)
Үндістан	Instagram (74.70%), Whatsapp (72.33%), Facebook (71.20%), Twitter (42.90%), LinkedIn (35.70%)
АҚШ	Facebook (74.2%), Instagram (60.7%), TikTok (42.4%), Twitter (41.8%), Pinterest (39%)
Индонезия	Instagram (84.80%), Facebook (81.30%), TikTok (63.10%), Twitter (58.30%), Pinterest (36.70%)

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Teknofest

ТАЛАНТТАРДЫ

ТАНЫТАДЫ



Бстанбұл қаласында авиация, ғарыш және технология салалары бойынша ең ауқымды шара Teknofest фестивалі өтті. Алғашқы күннің өзінде Түркияның Әскери өнеркәсіп саласындағы соңғы жетістіктерін паш ететін бұл көрмені 1 миллионға жуық адам тамашалаған. Осымен 7 жыл қатарынан ұйымдастырылған Teknofest-тің жаңалығы көп.



Сонымен қатар фестиваль аясында Түркия президенті Халықаралық ғарыш стансасына Түркияның атынан аттанатын ғарышкерлерді таныстырды. «Халықаралық ғарыш стансасындағы тұңғыш түрік ғарышкері, Әскери әуе күштерінің үздігі Альпер Гезеравджи атанбақ. Еліміздің бірінші космостық миссиясының қосалқы ғарышкері ретінде Roketsan компаниясының инженері Тува Жихангир Атасев танылды», – деді Реджеп Тайып Ердоған.

Президент көпшілікке ғарышкерлер мен олардың отбасы мүшелерін таныстырды. Түрік ғарышкерлері Халықаралық ғарыш стансасына осы жылдың төртінші тоқсанында аттанады. Ғарыш стансасындағы миссия 14 күнге созылады. Онда ғарышкерлер түріктің зерттеу орталықтары мен жоғары оқу орындары әзірлеген 13 тәжірибені сынап көрмек.

Түркия Республикасының құрылғанына 100 жыл толуына байланысты ұйымдас-

Бстанбұлдағы бұрынғы Ататүрік әуежайында ұйымдастырылған фестивальдың құрметті қонақтарының қатарында Түркия президенті Реджеп Тайып Ердоғанмен бірге Әзербайжанның президенті Илхам Әлиев, Ливияның Премьер-министрі Абдел Хамид Джебба болды. Ресми дерек бойынша, көрме-фестивальда Түркияның 81 провинциясы мен әлемнің 96 елінің өнеркәсіптік әлеуетін танытты. Мұнда авиация, ғарыштық технология салаларынан бөлек автоматтандыру, энергетика, медицина бағыттары бойынша соңғы ғылыми жаңалықтар көпшіліктің назарына ұсынылып, олардың артықшылығы таныстырылды.

Негізінен, көрмеге қойылған техникалардың басым бөлігін әуе кемелері құрайды. Олардың арасында ұшқышсыз басқарылатын қондырғыларды көптеп кездіретін аласыз. Көпшілік алғаш құрастырылғаннан бастап жекелеген бөлшектері мен мүмкіндіктері жетілдірілген Bayraktar-ға қызыға көз тастады.

Айта кетерлігі, өнертапқыштарға фестивальға қатысу мүмкіндігі тектен-тек берілмейді. Қатысушылар 102 бағытты қамтитын сайыста өз жобасын қорғап шығуы керек. Биыл өнертапқыштар арасындағы байқаудың жүлде қоры 13 миллион түрік лирін құрайды. Тағы 30 миллион лир жеңімпаздарға материалдық көмек ретінде берілді.

Шараға арнайы қатысқан Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоған жүлде қорымен бірге Teknofest-тің де ауқымы жыл санап ұлғайып келе жатқанын тілге тиек етті.



“
5 күннің ішінде көрмені 2 миллион 547 мың адам тамашалаған екен. Фестиваль аясында жергілікті Milli Wings ұшақтарының шоуы да көпшіліктің назарына ұсынылды.”

айтуынша, Teknofest-ке тек соңғы айларда ғана іске асырылған жобалар ұсынылыпты. Мәселен, шара аясында көпшіліктің көз алдында Bayraktar Kızılelma сынақтан өтті. Түрік инженерлері құрастырған TCG Anadolu кемесі әскери-теңіз күштеріне берілген. IMECE жерсерігі ғарышқа аттаныпты. Gökbey отандық тікұшағы түріктер құрастырған қозғалтқышпен әуеге көтерілді. «Алтай» танкісі Түркияның Қарулы күштерінің қадесіне жарап жатқан көрінеді.

тырылған жиынның тағы бір ерекшелігі көрме жұмысына балаларды тарту болды. Фестивальдағы шаралардың негізгі легі «Бір бала келсін, бір ұшақты ұстап көрсін» ұранымен өтті. Сол арқылы түрік Үкіметі балаларды бесігінен технологиялық прогреске баулу мақсат ететіндей. Tipti, Teknofest-тің алғашқы күндері Ататүрік әуежайына ағылған миллиондаған адамның дені балабақша жасындағы және бастауыш сынып оқушылары болды. Әрі олардың көрмеге экспонат ретінде қойылған кез келген әскери техниканы қолмен ұстап, жақынырақ таныса алады. Teknofest-те сөйлеген сөзінде Түркия президенті де сайыс қатысушылары арасынан Нобель сыйлығының иегері Азиз Санджардың жолын жалғайтын жас таланттарды көргенін айтқан-ды.

Teknofest-тің жалғасы 30 тамыз – 3 қыркүйек аралығында Түркияның Анкара қаласында өтпек.

Ш.АТЫХАНҰЛЫ



– Алғашында бұл фестивальға 4 мың 333 өтінім түскен. Биыл Teknofest-ке қатысатын командалардың саны 333 мыңға жетіп, олардан 1 миллион өтінім қабылданды. Біріншіліктердің санаты 14-тен 41-ге дейін өсті. Қатысушылардың санымен бірге сый-сияпат, жүлде қоры да молай түсті. Алғашында фестивальдық жүлде қоры 4 миллион түрік лирасы болса, бүгінде оның сомасы 44 миллион түрік лирасына жетті, – деді Түркия Президенті.

Түркия басшысы инженерлер мен техниктердің жоғары технологиялы жобалары бірінен соң бірі сәтті жүзеге асырылып жатқанына назар аударды. Оның



